Сирек кездесетін деректерге сүйенсек, жоғарыда атап өткендей, Абайдың орыс достары ағартушылық жағынан, яғни Еуропа ғалымдарының кітаптарын орыс тілінде оқу арқылы оның дүниетанымын кеңейтуге үлес қосса, соның қайтарымы ретінде Абай өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын, философиясы мен дінін терең түсінуге көмектесті. Абайдың кітапханамен тығыз байланысын Сібір мен Алтайға саяхат жасаған американдық журналист Джордж Кеннанның естелігінен байқауға болады. Абай туралы Леонтьев оған экономика, саясат және құқық бойынша еңбектерге қызығушылық танытқаны туралы айтып берді. Кеннан өзінің «Сибирь и связь» атты кітабында Семей кітапханасын: «Қарапайым қала орталығында ағаштан салынған ғимаратта жайлы оқу залы бар, онда барлық орыс газеттері мен журналдарын табуға болады және онда өте сирек кездесетін кітаптар жинақталған.... Мен Спенсер, Бокль,

Льюис, Милль, Тэн, Леббок, Гексли, Дарвин, Лайель, Тиндаль, Уэллес және сэр Генри Мэнның шығармаларын, Скотт, Диккенс, Мариэт, Жорж Элиот, Жорж Мак-Дональд, Эккерман-Щатриан, Эдгар По және Брет Гарттың романдары мен повестерін көріп қатты таңқалдым. Әсіресе, ғылыми шығармалар мол, оның көбісі саяси экономия жөніндегі шығармалар екен», - деп таңданыс білдірісін паттаған [8]. Осылайша, деректерден Семей кітапханасы Абай үшін әлем руханиятына жол ашқан үлкен білім ордасы болғанын сеніммен айта аламыз.

Абайдың қазақ мәдениетінің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жаңа сападағы деңгейге өсуінде тіренетін Темірқазығы, сүйенетін ақылманы болған жолының бір қырын қарастыра келе, ойымызды келесі түйіндеулермен жинақтағымыз келеді.

**Қорытынды.** Біздіңше, Абайдың қазақ мәдениетін жаңа сапалы деңгейге көтерудегі маңызды орнына назар аудармайынша, қазақ мәдениетінің, қазақы мәдениеттің болмысы мен қалыптасу, даму жолдары туралы мәселелерді зерттеу мүмкін емес. Өйткені Абай – өзіне дейінгі Керей мен Жәнібек ханнан басталған қазақы мәдениеттің, оның арғы жағындағы ата-бабалардың мәдени мұрасын бір бойына жинақтай алған парасат иесі, аса саналы тұлға. Сол мәдени мұраны шығыстың, орыстың, батыстың мәдениетімен салғастыра отырып, қарқынды даму жолына түскен жалпыадамзаттық мәдениеттің алтын көшіне қазақ мәдениетін ілестірген де – Абай! Олай деуге Абай мұраларындағы қазақ, Шығыс, Батыс мәдениетімен табиғи түрде ұштасқандығын танытатын төл шығармалары дәлел бола алады. Хакім Абайдың, басқа елдерге, сырт мемлекеттерге саяхат жасамай-ақ, сол Шыңғыс тауының бөктерінде, әке-шешесі мен бауырларының жанында жүріп-ақ, өзінің дүниетанымдық қуатының күштілігімен, ерекше зейінімен, ғылымға деген ересен құштарлығының арқасында әлем мәдениетін он орап алып, жалпыадамзаттық адамгершіліктің алтын бауымен қазақ мәдениетін де әлемдік мәдениетке тіркегеніне сенімдіміз және бүгінгі күннің болмысына қарап көріп те отырмыз деуге болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан, 09 Қаңтар, 2020. – [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://cutt.ly/ohuYpUW> (Қолданған күні: 25.06.2020)
2. Есім Ғ. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. I кітап. Хакім Абай / Ғ. Есім. – Астана: Хас-Сақ, 2016. – 200 б.
3. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. // Абай институты журналы. – [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: <http://abai.kaznu.kz/?p=1118>, 2012. (Қолданған күні: 10.06.2020)
4. Қабдолов З. Абайдың ақындығы. – [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: [abai.kaznu.kz/?p=1070](http://abai.kaznu.kz/?p=1070), 2012 (Қолданған күні: 01.06.2020)
5. Тайшыбай З. Абайтану арнасында: (1889-1916) / З. Тайшыбай. – Астана: Петропавл, 2005. – 258 б.
6. Тоқаев Қ. Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр, 25 маусым, 2020. – [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://cutt.ly/hhuOqr7> (Қолданған күні: 26.06.2020)
7. Ғабдуллин Н. Абай тағылымы / Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1985. – 432 б.
8. Құмырзақұлы А. Білімге сусындатқан – Семейдегі Абай кітапханасы. – [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/196/>, 2016 (Қолданған күні: 27.06.2020).

G.S. Kasbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

### World heritage in Abay Kunanbayev's works as the core of Kazakh spirituality

**Abstract.** Over the years, the spiritual heritage of the great Abay Kunanbayev has been studied in terms of various aspects of socio-humanitarian science, such as linguistics, literary criticism, philosophy, history, psychology, sociology, etc. This article reflects the creative intentions of the thinker, who raised the spiritual potential of the Kazakh people to the world level, as well as the influence of European and Russian culture on Abay's work.

In Hakim Abay's works, the problems of the national life of the Kazakhs, their worldview, character, religion, mentality, language and spirituality are raised, which are an invaluable heritage for the modern younger generation.

As we know that in Abay's studies, the main object is a person, i.e. personality who is perfect and worthy of respect. The scientist-thinker deeply impressed by aesthetic, ethical preferences, dreams, the meaning of life, feelings and intuition, the peculiarities of being and thinking of his imaginary image of a perfect Kazakh. Abay's poems are rich in philosophical reflections and patriotic appeals. He found inspiration in Kazakh folklore and preached ideas and images of national heroes. Furthermore, the article represents the connection between the achievements of Abay's poetic heritage and its creative potential in general.

**Key words:** Abay; Kazakh culture; Eastern culture; Western culture; world culture; worldview; spirituality; cultural heritage; creativity.

Г.С. Касбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

### Мировоззренческое сокровище наследия Абая Кунанбаева как стержень казахской духовности

**Аннотация.** На протяжении многих лет духовное наследие великого Абая Кунанбаева исследовалось с точки зрения различных аспектов социогуманитарной науки, таких как языкознание, литературоведение, философия, история, психология, социология и др. В данной статье нашли отражение творческие интенции мыслителя, продемонстрировавшего духовный потенциал казахского народа на мировом уровне, а также влияние европейской и русской культуры на творчество Абая.

В произведениях Хакима Абая поднимаются проблемы национального быта казахов и их мировоззрения, характера, религии, менталитета, языка и духовности, что является бесценным наследием для современного подрастающего поколения.

Все мы знаем, что исследования Абая основной объект – человек, т. е. личность, которая является полноценной и достойной уважения. Эстетические, этические предпочтения, мечты, смысл жизни,

чувства и интуиция, особенности бытия и мышления его воображаемого образа совершенного казаха глубоко поразили ученого-мыслителя. Стихи Абая богаты философскими размышлениями и патриотическими призывами. Он находил вдохновения в казахском фольклоре и проповедовал идеи и образы национальных богатырей и героев. Кроме того, в статье отражена связь достижений абаевского поэтического наследия с его творческим потенциалом в целом.

**Ключевые слова:** Абай, казахская культура; культура Востока; культура Запада; мировая культура; мировоззрение; духовность; культурное наследие; творчество.

## References

1. Tokaev K. Abay zhane XXI gasyrdagy Qazaqstan [Abay and Kazakhstan in XXI century]. Available at: <https://cutt.ly/rhuYLhf> [in Kazakh]. (Accessed: 25.06.2020 )
2. Esim G. Gulama-name. Gylymı trilogia. I kitap. Hakim Abay [Science Trilogy. Book I. Hakim Abay] (Has-Saq, Astana, 2016).
3. Nurqatov A. Olen – sozdin patshasy, soz sarasy [Poetry is the king of words, the master of words], Abay instituty zhurnaly [Journal of Abay Institute]. Available at: <http://abai.kaznu.kz/?p=1118>, 2012. [in Kazakh]. (Accessed: 10.06.2020).
4. Qabdolov Z. Abaydyn aqyndygy [Abai's poetry]. Available at: [abai.kaznu.kz/?p=1070](http://abai.kaznu.kz/?p=1070), 2012. [in Kazakh]. (Accessed: 01.06.2020).
5. Taishybai Z.S. Abaytanu arnasynda (1889-1916) [On the channel of Abay studies] (Petrovskiy, 2005).
6. Tokaev K. Qazaq halqynyn tagdyry tarih tarazysynda tur [The fate of the Kazakh people is on the scales of history]. Available at: <https://cutt.ly/hhuOqr7> [in Kazakh]. (Accessed: 26.06.2020).
7. Gabdullin N. Abay tagylymy [Abay's wisdom] (Zhazushy, Almaty, 1985).
8. Qumyrzaquly A. Bilimge susyndatqan – Semeidegi Abay kitaphanasy [Inspired by knowledge – Abay's Library in Semey]. Available at: <https://e-history.kz/kz/news/show/196/> (accessed: 27.06.2020).

### Автор жайлы мәлімет:

**Касбаева Гулназ Серікқызы** – философия кафедрасы «Мәдениеттану» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Kasbayeva Gulnaz Serikovna** – Ph.D. doctoral student in Cultural Studies of the Department of Philosophy, Faculty of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Т. Кеңшілік  
Н.Е. Кайрбеков  
С. Окан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: kenshe76@mail.ru, nurlan.kairbekov@mail.ru, o.samet@mail.ru)

## Истихсан методологиясының үкім шығарудағы рөлі

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан мұсылмандарының шарият нормаларында ұстанатын Ханафи мәзһабы және оның истихсан методологиясына талдау жасалады. Истихсан – қажеттілік немесе зәрушілік жағдайға байланысты діннің жалпы үкіміндегі жекелеген дәлелдік тәсілдің атауы. Истихсан дәлелдік тәсілінің қазіргі қоғамдық қарым-қатынастағы заманауи мәселелерге оңтайлы үкім берудегі рөлінің ерекше екендігі дәйектеліп, діни мәселелерді реттеуге бағыт-бағдар көрсетіледі. Сонымен қатар, шарияттағы истихсанның дәлелдік орны, оның түрлері қарастырылып, бүгінгі қазақ қоғамының тарихи-идеологиялық тұтастығын нығайтып, адамзат бауырластығын күшейтуге ықпал ететін әлеуеті дәлелденеді.

Истихсан – қоғамның немесе заманның шарттары ислам дінінің талаптарына лайық өмір сүруге қиындық тудырған жағдайда шығар жол табуға, мүмкіндіктер жаратуға негізделген дәлелдік дәйектің бір түрі. Бұл дегеніміз настың (Құран, сүннеттің) шекарасынан шығып кету дегенді білдірмейді. Бәлкім, нас, ижмәг және қиястың сыртқы үкімін алмай, жалпы қағидадан ауытқып, қажеттілік негізінде өзгеше үкімнің шығуына түрткі болу.

Истихсан – ислам ғұламаларының, әсіресе, Ханафи мәзһабы ғалымдарының дәлелдік дәйектерінің бірі. Сондай-ақ, ғұламалар, истихсанды «Құран истихсаны», «Сүннет истихсаны», «Ижмәг истихсаны», «Әдет-ғұрып истихсаны», «Зәрушілік истихсаны» және «Қияс истихсаны» сияқты бірнеше түрге бөліп қарастырады. Яғни, истихсан және өзге де дәлелдік дәйектердің негізінде көрініс табатын дәлелдік құрал.

**Түйін сөздер:** Құран; хадис; мәзһаб; ислам ғұламалары; истихсан; дәлел; қазақ тарихы; ынтымақ; ижтиһад; әдет-ғұрып; үкім.

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-14-23>

Ислам ғұламаларында, әсіресе Ханафи мәзһабында «*الاستیسان*» (Истихсан) тәсілі кең қолданылған ғылыми (құқықтық) дәлелдік негіздердің бірі болып табылады. Ғұламалар, Құрандағы: «Қауымыңды бұйырылған істердің жақсысын ұстануға әмір ет!» («Әғраф» сүресі, 145-аят) деген аятындағы және Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен: «Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында да жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың құзырында да ұнамсыз» - [1,

101 бет.] деген хадисіндегі «*الاستیسان*» (әдемі) сөзі негізінде «*الاستیسان*» терминін қолданысқа енгізген.

Араб тіліндегі «*الاستیسان*» сөзі бір нәрсені әдемі, жақсы деп санау мағынасын білдіреді. Ал терминдік мағынасы жайлы бірер ғалымның көзқарасын ғана келтіре кетейік. Имам Сарахси: «Истихсан – қоғамда жеңілдіктің сақталуы үшін қиындықтан шығар жол» деп түсіндірсе, оның пікірін имам әл-Кархи: «Истихсан – бір мәселеде қияс арқылы

ұқсасына берілген әуелгі үкімінен бас тартып, күшті дәлелмен (жасырын қияспен) басқа бір үкімді таңдау» [2, 145 бет.]- деп толықтырады. Ал имам Уахбатуз-Зұхайли: «Истихсан – дәлелге сүйеніп ашық қиястан жасырын қиясты таңдау немесе жалпы үкімнен шығып, бір мәселеге арнайы дәлел негізінде өзгеше үкім беру» [3, 21 бет.] - дейді.

Истихсан – қоғамның немесе заманның шарттары ислам дінінің талаптарына лайық өмір сүруге қиындық тудырған жағдайда, шығар жол табуға, мүмкіндіктер жаратуға негізделген дәлелдік дәйектің бір түрі. Бұл дегеніміз, настың (Құран, сүннеттің) шекарасынан шығып кету дегенді білдірмейді. Бәлкім нас, ижмәғ және қиястың сыртқы үкімін алмай, жалпы қағидадан ауытқып, қажеттілік негізінде өзгеше үкімнің шығуына түрткі болу.

**Истихсанның дәлелдік орны.** Ислам ғұламалары үкім шығаруда Құран, сүннет, ижмәғ және қиясты негіз етсе, оларға қосымша истихсан, маслаха (игілікті көздеу) және әдет-ғұрып сияқты дәлелдік дәйектерді де қолданған. Дінде Құран және сүннет мәтіндік дәлелге жатса, ал ижмәғ, қияс, истихсан және т.б. қисынды ақылға сүйене отырып, өздерінің дәлелдік күшін көрсетеді. Яғни, ижмәғ–Құран және сүннетте үкімі табылмаған бір мәселенің үкіміне сол ғасырдағы ғұламалардың бір ауыздан келісуі, қияс – үкімі жоқ бір мәселені үкімі бар мәселемен салыстыра отырып үкім шығару әдісі, истихсан – қажеттілік немесе зәрушілік жағдайда шарияттағы жалпы қағидадан шеттеп, жасырын қияс негізінде үкім шығару әдісі. Бұлардың барлығы наста дәлелі болмаған мәселеде ақылды қолдану яки настың мәніне үңілу арқылы іске асады. Немесе *ижтиһад* жолын дамытудың сатылары деуге болады.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар қайтыс болып, уахи тоқтаған соң ислам қоғамында туындаған жаңа мәселелердің шешімі Құран және сүннеттен табылмаған жағдайда, оған *ижтиһадт* әсілі, яғни, ақылды қолдана отырып, Құран және сүннеттің жалпы мағынасы негізінде үкім шығара білу керектігі жолға қойылды.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сахабасы Мұғаз бин Жабалді Йемен еліне өкілі ретінде аттандырған кезде, «Қоғамда бір мәселе туындаса, жауабын қайдан іздейсің?», - деп сұрайды.

- Мұғаз: «Құранмен төрелік етемін», - дейді.

- Алла елшісі (с.ғ.с.): «Құраннан таппасаң не істейсің?», - дейді.

- Ол: «Алла елшісінің сүннетінен іздеймін», - дейді.

- Пайғамбар (с.ғ.с.): «Іздеген жауабыңды сүннеттен де таппасаң ше?», - дейді.

- Мұғаз: «Ижтиһад (біліміммен ой жүгіртемін) жасаймын», - дейді.

- Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабасының кеудесіне қолын қойып тұрып: «Алланың елшісінің елшісін дұрыс жолға салған Аллаға шүкір» [4, 509 бет.], - дейді.

Бұл хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) наста (Құран, сүннетте) дәлелі болмаған мәселелерде ижтиһад арқылы жол табуды құп көргенін, әрі адамның ұстанған діні қоғамдағы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ахлақтық негіздерді бір жүйеге келтіруге өз әсерін тигізе алуы керектігін ескертеді.

Омар ибн Хаттаб халифа болып тұрған шағында, Иракты қол астына қаратқан кездегі олжа ретінде иелігіне өткен Сәуад жерін халықтың игілігіне қалдырады. Негізі Құранда: «Біліп қойыңдар, соғыстан не нәрсе олжаласандар да, соның бестен бірі сөзсіз Аллаға тиесілі. Сондай-ақ, Алла елшісіне, оның жақын туыстарына, жетімдерге, пақыр-міскіндерге және жолда қалған мүсәпір жолаушыларға тиесілі...» («Әнфал» сүресі, 41-аят) делініп, олжаны соғысқа қатысқан әскерге бестен төрт (5/4) бөлігін бөліп беру ұсынылған болатын. Алайда Омар аяттың мәніне үңіле отырып, байлыққа толы Сәуад жерін соғысқа қатысқан әскерге бөліп беруді мемлекеттің байлығын бірнеше адамның қолына ұстатып, қалың халықты кедейлікке итермелеу деп ұғады. Сөйтіп, Сәуад жерін бұқара халықтың түрлі кәсіптермен айналысуы үшін ел игілігіне қалдырады [5, 218-223 бб.]. Басында бұл шешімге келіспеген кейбір сахабалар, кейін Омардың шешімі дұрыс екендігін түсініп,

қолдау көрсетеді. Мұны Омардың Құрандағы истихсанды аңғаруы десек болады.

Истихсан – Ислам құқығындағы ғибадат, муғамадат (сауда-саттық), отбасы және қоғамдық мәселелердің барлығында кең қолданысқа кірген шәрғи дәлелдік тәсілдердің бірі. Имам әл-Марғинани (қ. 593/1197) «Әл-Һидая» атты еңбегінде 120-дан астам мәселелерге «Истихсан» негізінде үкім берсе, имам Хаскафи (қ. 1088/1677) «Әд-Дуррул мұхтар» атты еңбегінде 200 шамасындағы мәселелерді «Истихсан» негізінде шешкен [6, 41-75 бет.].

Құран және сүннетте үкімі баян етілген мәселелер шектеулі болса, әр кезеңде ортаға шығатын жаңа мәселелердің үкімі *ижтиһад* жолымен немесе ислам ғұламалары қалыптастырған Ұсулул-фықһ ілімінің тәсілдерімен шешімін шығару жүйесі құрылған. Бүгінгі таңдағы жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ сияқты күнделікті туындап жатқан мәселелерге қияс, истихсан, маслаха және әдет-ғұрып сияқты дәлелдік тәсілдермен тұшымды жауап беру мүмкін бе? Әрине, мүмкін. Алайда оның басты шарты истихсан сынды Ұсулул-фықһ ілімінің тәсілдері кеңінен зерттеліп, өміршеңдігі заманның талаптарына сай дамытылып отырумен болмақ.

Діндегі «ақыл», «қияс», «рай» (ой еркіндігі), «тауил» (істің түп мәніне үңілу), «истихсан» және «ғұрып-әдет» сияқты терминдер мағыналық тұрғыдан төркіндес болып, *ижтиһад* тәсілін іске қосатын тетіктер рөлін атқарды. Сондай-ақ, дін адамдары арасынан дін мен өмірдің тығыз қатынасын көрсетуге, әр кезеңде туындаған қажеттіліктерге діннің мәніне үңіле отырып, шешім қабылдайтын мүжтаһидтердің (түйткіл мәселеге шешім айтуға қабілетті ғалымдардың) көптеп шығуына жетелейтін алғышарттар ретінде де ұғуға болады. Өкінішке орай, бүгінде дін жайлы сөз етіліп, бір көзқарас айтыла қалса «Олай дейтін ол кім екен, мужтаһид ғалым ба?» деген сынды диктаторлық идеологияның дін саласында да кең таралуы дін жолында білім алып, маманданып жатқан жастардың өзін дамытуға кері әсерін тигізуде. Міне, осындай себептердің салдарынан мұсылман

әлемі түрлі салаларда дамымай, дүние ісі мен ақырет ісін қатар алып жүруде әлсіздік танытып отырғаны анық. Яғни, ижтиһад – дүние ісі мен ақырет ісі арасындағы тепе-теңдікті, тығыз байланысты қалыптастыратын жол. Немесе адамды ізденуге, бір мәселе төңірегінде зерттеу жүргізуге, ижтиһад жасауға шақыратын дінге қызмет етіп жүрген адамдардың өзі бір мәселе төңірегінде ой жүгіртуден қорқып, өзін діни тұрғыдан жауап беруге лайықты санамаса, қоғамдағы туындаған көптеген мәселенің жауабын кім бермек?! Әрине, бұл әрбір мәселеге әркім пәтуа бере береді дегендік емес. Бәлкі, діндегі дәлелдік ұғымдар негізінен адамдардың санасын дамытуға, қоғамдағы туындаған мәселелерге діни шешім шығаруда әлеуетін арттыруға құрылғанын көрсетеді.

**Истихсанның түрлері.** Истихсан дегеніміз – діни мәселелердің шешімін шығаруда кейбір аят, хадис және ижмәг дәлелдік негіздері діндегі жалпы үкімдік қағидаттардан шығып, өзгеше үкім беруіне итермелеген дәлелдік себептің атауы дедік. Көптеген классикалық еңбектерде, истихсанды дәлелдік дәйек ретінде алғаш қолданысқа енгізген имам Әбу Ханифа делінеді. Ибн Хазм әл-Әндулиси: «Әбу Ханифадан бұрын истихсанды қолданған ешкімді білмейміз. Кейде имам Мәлік де истихсанды қолданып, Әбу Ханифа: «Бұл мәселеде қияс былай, алайда оның керісіншесін жақсы (истихсан) деп білеміз – дейді» деген [7, 5 б.]. Ал истихсан тәсілін қабылдағысы келмеген, оған қарсы шыққан имам Шафиғидің (h. 204) өзі: «Былайғы ғалымдар қияс пен истихсан мәселесіне келгенде Әбу Ханифаның қасында әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған сарыауыз балапан секілді» [8, 195 б.] - деп, истихсан тәсілін қолдануда имам Әбу Ханифаның өте шебер болғанын сөз етеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Истихсан – ислам ғұламаларының, әсіресе, Ханафи мәзһабы ғалымдарының дәлелдік дәйектерінің бірі. Сондай-ақ, ғұламалар, истихсанды «Құран истихсаны», «Сүннет истихсаны», «Ижмәг истихсаны», «Әдет-ғұрып истихсаны», «Зәрушілік истихсаны»

және «Қияс истихсаны» сияқты бірнеше түрге бөліп қарастырады. Яғни, истихсан нас және өзгеде дәлелдік дәйектердің негізінде көрініс табатын дәлелдік құрал. Алайда Мұстафа Ахмед әз-Зарқа сияқты кейбір ғалымдар, мәселенің шешімі аят, хадис және ижмәғ арқылы шығарылатын болса, онда ол мәселелерге үкім аят, хадис және ижмәғ негізінде беріліп отыр. Оның дәлелі «Құран истихсаны», «хадис истихсаны» және «ижмәғ истихсаны» деп айтуды дұрыс емес деп есептейді [9, 16 б.].

Осы жерде «Құран истихсаны», «хадис истихсаны» және «ижмәғ истихсаны» деп арнайы бөліп айтудың өзіндік мәні бар екендігін де айта кеткен жөн. Адамзат қоғамындағы туындаған қажеттіліктер мен зәрушіліктің шешімі ретінде дінде тыйым салынған мәселелердің кейбіріне жағдайға байланысты әуелі Алла Тағала мен Оның елшісі (с.ғ.с.) өзі рұқсат етсе, кейін бұл үрдіс сахабалар мен Ислам ғұламаларының ижтиһад жолымен іске асып отырған. Сондай-ақ, діннің бұл кеңшілігін мұсылман үмметінің буквалистік көзқарасқа салынып, адам қажеттілігін ескермей қоймауы үшін Әбу Ханифа бастаған көптеген ғалымдар «*الان يشترىءان*» (истихсан) терминін дәлелдік дәйектердің қатарына кіргізе отырып, ислам дінінің универсалдығын көрсетті десек болады. Енді осы истихсан түрлерінің әрбіріне бірер мысал беріп өтелік.

**Құран истихсаны.** Қасиетті Құранда: «Сендерге арам өлген мал, қан, доңыз еті және Алладан басқаның атынан сойылған малдың еті харам етілді. Сондай-ақ, жаны шықпай жатып (шариғатқа сай) бауыздап үлгергендеріңді қоспағанда, буынып, соққы жеп, биіктен құлап, сүзіліп немесе жыртқыш аңға таланып өлген малдың еті... харам етілді» («Мәйда» сүресі, 3-аят) делініп, шариғатқа сай бауыздалмаған хайуанның етін жеу харам екендігін білдіретін жалпы үкім бекітілсе, зәрушілік (қажеттілік) жағдайға байланысты жалпы үкімнен өзгеше үкім мына аятта: «Олар сенен ненің адал екенін сұрайды. Оларға: «Сендерге таза, әрі денсаулыққа зиянсыз азық атаулының бәрі адал етілді.

Алланың өздеріңе үйреткені бойынша аң аулауға баулыған жануарларыңның өздеріңе ұстап әкелгендерін жеңдер. Оларды аңға салғандарыңда, «бисмиллә» деп Алланың атын атаңдар» деп айт» («Мәйда» сүресі, 4-аят) -делініп бекітіледі. Яғни, аңшы аңға қақпан, тұзағын құрғанда, қыранын және итін жібергенде немесе мылтығын оқтап атарында «Бисмиллә Аллаһу әкбар» сөзін айту шартын міндеттей отырып, кейін ауланған аңын бауыздап үлгірмей, барғанында өліп қалса да («Бисмиллә Аллаһу әкбар» деп бауыздау ырымын жасап) етін жей беруге рұқсат етіледі. Дінде ауланған аң, құсты шариғатқа сай бауыздап жеу шарт болғанда, адамдарға қиындық тудырар еді. Екінші аятта өмірдегі кейбір жағдайларды шариғаттың жалпы қағидасынан бөліп қарстыра отырып, жеңілдіктер ұсынылып отыр. Бұл Құран истихсанына жатады.

**Хадис истихсаны.** Әбу Ханифа хадиске сүйене отырып, қиясты алмауды истихсан деп санаған. Бұл қағиданың ғибадаттағы мысалы, ораза ұстаған адам ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды. Ал қиясқа (салыстыру тәсіліне) салса не нәрсе болсын, қандай жағдайда болсын, егер ораза тұтқан адам байқамай ауыз ашып қойса, оразасы бұзылады. Бірақ, қияс қағидасына сай келмейтін хадис бар. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кімде-кім ораза ұстағанын ұмытып ішіп-жеп қойса, өзінің ауыз бекіткені есіне түскен сәтте оразасын жалғастырсын, себебі оны сусындатып, тамақтандырған Алла Тағала» [10] - деген. Бұл хадис қиястан басым түсіп қиясты алмай, истихсан жасаған. Осылайша, ораза тұтқан адам ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды [8, 198-199 бет.].

Қоғамдық мәселелерге қатысты «сәлам» саудасын айтуға болады. Сәлем саудасы – бір саудагер адам егіншіге егін салуы үшін жылдың басында ақшасын беріп қойып, егіндік жиылған кезінде ақшасының мөлшерінде егіндік дақылынан алуға келіседі. Салынбаған, әлі піспеген дақыға саудаласып, ақшасын өткізу шариғаттағы сауданың негізгі «тауардың болуы» қағидасына қайшы. Алайда егінші диқандардың көбінің қолында дер кезінде

ақшаның болмауы, саудагерлерден алдын ала егін салуы үшін ақша алу қажеттілігін тудырып отыр. Сол себепті Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кімде-кім бір дақылға (жеміс және т.б.) алдын ала ақша құйса, белгілі мөлшер (түрі, килограммы) мен нақты уақытқа келіссін» [10] деп рұқсат еткен. Бүгінгі таңда сауданың бұл түрі ауылды жердегі ұсақ өнеркәсіптен бастау алып, халықаралық ірі сауда жобаларымен де іске асып жатқаны белгілі. Қоғамда өз кәсібіне инвестор іздеп жүргендер мен табыс алу үшін инвестиция құятындар да аз емес. Бұл хадисте саудадағы «тауардың болуы жалпы қағидасын бұзып, адамдардың қажеттілігіне сай белгілі шарттар аясында (бүгінгі сауда заңдары негізінде) сауданың осы түріне истихсан жолымен рұқсат етілген.

**Ижмәғ истихсаны.** Истихсан көп жағдайда ижмәғ сүкутиде, яғни бір халықтың арасында кең қолданысқа кірген, әрі адамдардың қажеттілігі ескеріле отырып, діннің жеңілдігі негізінде рұқсат етілген мәселеде көрініс табады. Мысалы: саудадағы «*استحسان*» (Истиснағ) – адамның зауытқа, фабрикаға әлі шықпаған заттың бағасы мен түрін нақтылап, тапсырыс беруін білдіреді. Негізі шариағатта ортада жоқ затқа келісім жасауға рұқсат етілмейді. Алайда әр заманда сауданың мұндай түріне адамдардың қажеттілігі туындап тұратындықтан рұқсат етілген. Міне, бұл жерде қиясқа амал етілмей, ижмәғ истихсанға амал етіліп отыр [2, 203 б.].

Әбу Ханифа бұл жайында: «Истиснағ саудасы қиясқа қайшы болса да, истихсан жасау арқылы рұқсат беріледі» - деген. Яғни, қиясқа қайшы дегенде саудадағы сұраныс пен ұсыныстың бір мезгілде сәйкес келмейтінін меңзеген еді. Ал истихсан бойынша рұқсат етіледі дегенде жалпы қағидадан бас тартып, ғұламалардың ижмағына сүйенгені [8, 200-201 б.].

**Әдет-ғұрып истихсаны.** Білім беру дәстүрі, халқымыздың көне дәуірден бері тамыры терең тартқан әдет-ғұрпының бірі – тілашар. Тілашар – баласын ұстазының алдына алғаш апарған ата-ананың ізгі ниетпен берген оқу ақысы. Ғылымға, оқу-жазуға ерекше көңіл бөлген халқымыз баланың сауатын ашу, бала

тәрбиесін бәрінен жоғары бағалаған. Ауқатты адамдардың көбі ақы төлеп ауылында бала оқытатын қожа-молдаларды ұстаса, бір бөлігі балаларын Бұхара, Самарқанд, Қазан, Түркістан сияқты қалалардың медреселеріне білім алуға жіберіп отырды. Ал халықтың көпшілігі балаларын ауыл арасындағы молдалардан оқытатын еді. Міне, солардың арасынан халқымыздың біртуар ғалымдары, классик ақын-жазушылары шықты.

Қазақ даласындағы осы бір дәстүрдің үкімі истихсан негізінде берілгенін төменде көре аламыз. Тілашар немесе діни білімге ақы төлеу мәселесі туралы Ханафи мәзһабының алғашқы ғалымдары Құран немесе діни білім үйреткен кісінің ақы алуы дұрыс еместігін айтқанымен, көпшілік қауым Құран және діни ілімді мұғалімдер арқылы ғана үйрене алады. Таңнан кешке дейін әр күнін Құран немесе діни білім берумен өткізетін мұғалімдерге жалақы төленбесе, олар басқа тіршілік қамымен болып кетері анық. Мұғалімдердің азаюы қара халықтың Құран немесе діни білімнен сауатсыз қалуына себеп болады деген пікірді ұстанған Ханафи мәзһабының Мәрғинани, Ғәйни, Сарахси және Ибн Камал сынды ғалымдары истихсан (бір істі ұнамды білу) негізінде Құран немесе діни білімге ақы алудың дұрыстығын айтады. Сонымен қоса, Құран Кәрім және діни білім үйрету барысында ақы алудың дұрыстығын айтқан факих ғалымдар мұғалімдерге берілетін ақының үзілмеуі, адам баласының дүние және ақырет біліміне қатысты мәліметтерден бейхабар қалмауының бірден-бір жолы. Ал мұқтаждығы болмаған, басқалай кіріс көзі болған адамның жасаған дін қызметі үшін ақы талап етуі, истихсан негізіне сәйкес болмағандықтан дұрыс емес дейді [11, 340 бет.]. Ескерту: ғылым-білімнің адам өміріндегі орны ерекше екендігін ескере отырып, кейбір ғалымдар истихсанның бұл түрін «Зәрушілік истихсанына» жатқызған.

Ант ішу мәселесі. Қазақта бір маңызды істерде сөзін дәлелдеу үшін «Құран ұстаймын» деген ант ету әдет-ғұрпы кездеседі. «Ант ішу» уәде ету болып табылады. «Уәде - құдай сөзі» (мәтел). Құдай атынан берілетін уәде жәй

айтыла салатын құрғақ сөз емес, ол адалдық пен адамдықтың айғағы болған сөз.

Халқымыздың бұл әдет-ғұрыпы тұнып тұрған шарият, әрі үкімі де истихсан негізінде берілгенін айтат кеткен жөн. Сондай-ақ, біз әуелі Алла тағаланың есім, сипаттарынан басқамен ант етудің дұрыс еместігін білуіміз керек. «Әл-Ғиная» еңбегінде: «Кім Алла тағаладан басқа Пайғамбар, Құран, Кағба сияқты сөздермен ант етсе, ант еткен болмайды» [12, 160 б.]. Десе, «Фатхул қадир» еңбегінің авторы Ибну Нумам: «Алланың кәләм сипаты болған Құранмен ант ету адамдар арасында әдет-ғұрып негізінде қалыптасты. Қазіргі күніміз де Құранмен ант ету әдет-ғұрыпқа айналды. Сондықтан Құран кітабымен ант ету, ант болып есептеледі. Егер антын бұзса, кәффарат уәжіп болады деген» [13, 64 бет.].

Кәффарат жәйлі Құранда: «Оның төлемі: Үй-іштеріңе жегізетін орта есеппен он міскінді тамақтандыру не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу, үш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңның жазасы осы» (Мәйда сүресі, 89-аят) - деген. Әбу Ханифа ант сөзі қайталану себепті кәффарат жазасы да арта түсетіндігін айтады [14, 531 бет.].

**Зәрушілік (дарурат) истихсаны.** Араб тіліндегі дарурат (الضرورات) сөзі – зәрушілік, таршылық, қиыншылық және бір нәрсеге мұқтаждық мағынасын білдіреді. Терминдік мағынасы туралы имам әл-Жассас: «Зәрушілік – адам баласы Алла тыйым салған харамды жемесенемесе қолданбаған жағдайда, өмірінен айырылуы яки бір ағзасына қатер келуінен қорқуы» [15, 159 бет.] деген. Яғни, зәрушілік адам өмірін құтқарып қалу жолындағы немесе бір үзірлі қиындықтан құтылу мөлшерінде ғана Алланың тыйым салған істеріне баруды білдіреді. Мысалы, жапан далада аштан өліп қалмау үшін өлексенің етін жеу, жан сақтау бөліміне түскен адамды құтқарып қалу үшін кредит (өсім) алу және т.б.

Ғұламалар, Құрандағы: «Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге итермелемеңдер» («Бақара» сүресі, 195-аят) деген аятқа сүйене отырып, зәрушілік жағдайда шарияттың кеңшілігін пайдаланбай, Алланың өзіне аманат еткен өміріне зиян келтіріп, өлім

құшса күнәкар болады,- дейді. Сонымен қатар, ғұламалардың зәрушілік дәрежесін мынандай шарттар негізінде өлшегенін де ұмытпау керек.

1) Зәрушілік – адамның өмірі мен дінінде қорғалуы тиіс болған бес нәрсенің (дін, жан, абырой, ақыл және дүние-мүліктің) бірінде нақты көрініс табуы керек.

2) Тыйым салынған істі зәрушілік мөлшерде ғана істеуге рұқсат. Құрандағы: «Кім зәру болса..» («Бақара» сүресі, 173-аят) деген сөзін Ибн Аббас (р.а.): «Кім бұл тыйым салынған нәрселерді зәрушілікпен жесе, оқасы жоқ. Ал кім зәру болмай тұрып жесе, ол Аллаға қарсылық қылды және шектен шықты» [16, 407 бет.] - деген.

Зәрушілік истихсанының мысалы: Ханафи ғұлһ кітаптарында, бір хайуан құдыққа түсіп өліп, сасып кеткен жағдайда суы қалай тазартылады? деген мәселе сөз етіледі. Қиясқа салсақ, әуелі құдықтың суын толығымен тартып шығару керек. Бұл мүмкін емес, себебі түбінен су шыға береді. Ал суы толығымен тартылып шығарылды дегеннің өзінде құдықтың қабырғалары, шелектері және т.б. заттар нәжіс судың тиюімен нәжіс болады, ол таза суды қайта нәжіс қылады. Міне, осындай жағдайда истихсан тәсілімен құдықтың суы толығымен тартылды деген мөлшерде құдықтың суы шығарылады, әрі тазарады [3, 26 б.]. Сонымен қатар, көпшілікке сақтану қиын болған (ғұмумул-бәлуа) істерде, яғни, құдыққа мал тезектерінің түсуімен судың нәжіс саналмауы, мысықтың су ішкен ыдысының таза саналуы және т.б. көптеген мәселелер истихсан тәсілі бойынша қарастырылған [12, 88-94 бет.].

**Қияс истихсаны.** Аталған истихсан түрлеріне Ханафи мәзһабы ғалымдары, истихсан мен қияс екеуінің бір мәселеде қарама-қайшы түрін қосып, сыртқы көріністегі қуаттылығына қарамай, қайсының әсері қуатты болса, соның негізінде үкім шығарған. Осының әрбіріне бірден мысал келтіре кетелік.

*Жасырын истихсан.* Құмай, бүркіт және қаршыға сияқты жыртқыш құстар бір ыдыстан су ішетін болса, оның қияс негізіндегі үкімі

мен истихсан негізіндегі үкімі екі түрлі. Қияс бойынша, жыртқыш аңдардың етін жеу харам болғаны сияқты жыртқыш құстардың етін жеуде харам. Қалдық судың үкімі де етімен ұқсас болуы керек. Ал истихсан бойынша, жыртқыш аң ішкен судың харам болатыны оның нәжіс сілекейінің суға араласуы, сілекейі етінен бөлініп шығады. Жартқыш құс болса, суды қатты сүйек тұмсығымен ішетіндіктен, тұмсығы таза, яғни тұмсығында сілекей болмайды. Осы жерде жыртқыш құстың ішкен суына, истихсан тәсілі бойынша таза деп үкім беруді дұрыс санаған.

**Ашық истихсан.** Намаздың қирағатында сәжде аятын оқыған кісі сәждәтут-тилауа (сәжде аятын оқыған үшін жасалатын сәжде) рукуғда жасай ма, әлде намаздың ішінде арнайы бөлек сәжде жасай ма? деген мәселенің қияс негізіндегі үкімі мен истихсан негізіндегі үкімі екі түрлі. Қияс бойынша, сәждәтут-тилауа рукуғпен бірге рукуғта өтелуі дұрыс. Себебі сәжде мен рукуғтағы мақсат бір, яғни, Алланы ұлықтау. Сәждәтут-тилауадағы бұл мақсат рукуғта орындалып отыр. Қасиетті Құранда: «Иілген (рукуғ қылған) бойда сәждеге жығылды» («Сад» сүресі, 24-аят) – делінген. Ал истихсан бойынша, Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Рүкуғ жасаңдар, сәждеге бас қойыңдар» («Хаж» сүресі, 77-аят) – деп, сәжде етуге бұйырды. Сәжде рукуғпен іске аспайды, әрқайсысы бөлек ғибадат болып табылады. Бұл жерде Құран оқу үшін алған дәретпен намаз оқуға болатыны сияқты мақсаттың орындалуын басты назарға ала отырып, қияс негізіндегі үкім таңдалған [3, 23 бет.].

Қияс пен истихсан екеуінде де бір үкімді салыстыра іздеуге дәнекер «*لَوْ*» (себеп) деген сипаты бар. Бұл сипат кейде ашық

білінгенімен, кейде жасырын болып ғылым адамдарының іздеулері арқылы білінеді. Осы екі түрдің біріне қияс, екіншісіне истихсан делінеді. Истихсан – настың жалпы қағидасынан шығып, айрықша үкімнің атауы екендігін көрдік.

Қорыта айтар болсақ, Истихан – жеке бір дәлел емес, ол нас (Құран, сүннет), ижмәғ, қияс, әдет-ғұрып және маслаха сынды жалпы қағиданы жекешелеген, айрықша берілген үкімнің дәлелдік атауы. Адамзат қоғамында тепе-теңдік сақталып, алаңсыз ғұмыр кешуі үшін «Дін», «Жан», «Ақыл», «Нәсіл» және «Мал-дүние»-ден тұратын бес нәрсенің қорғалуы міндеттеледі. Дін – ақылға жол сілтейді, ақыл – адам өмірінің, ұрпағының және дүние-мүлкінің қорғалу тетіктерін қалыптастырады. Дінде бұл бес нәрсе «*Мақасидуш-шариғат*» (шариғаттың басты мақсатына) жатады. Сондай-ақ, діндегі әмірлер мен тыйымдар, ғибадаттар, сауаптар мен күнәлар және т.б. осы бес негіздің жалғасын табуын және қорғалуын ретке келтіретін иләһи заңдылықтар болып табылады. Дінде бұл бес негіздің қорғалуын жалпылама зәрушілік (дарурат), қажеттілік «хажият» және баяшаттылық «тахсинат» деп үш категорияда қарастырады. Бұлардың біріншісінен кейін екіншісі, екіншісінен соң үшіншісі көрініс табады. Діннің мұраты да адам баласының жоғары деңгейдегі бақытты ғұмыр кешуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, халықтың игілігі көздеде отырып, өмір сүру салтына лайықты Қазақ хандарының заңдық жүйелерін «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және қазақ халқының некелесу ісіндегі «Жеті ата» мәселесін де осы истихсан тәсілімен байланысты деуге болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ибн Нәжим. Әл-әшбәһә уан назайр ғәлә мәзһаби Әби Ханифа / Ибн Нәжим. – Б.: Дәрүл күтүбүл ғилмия, 1999. – 390 б.
2. Әс-Сарахси Әл-Мабсут / Әс-Сарахси. – Б.: Дәрүл-мағрифә, 1978. – 478 б.
3. Уәһбатүз Зүхайли. Ұсулүл фықһил ислами / Уәһбатүз Зүхайли. – Қ.: Фикр, 2005. – 496 б.
4. Ғәнул-мағбуд шарху сунани Әби Дәуит / . – М.: Сәләфия, 1969. – 514 б.
5. Бәкір Топалұғлы. Тәуилатүл Құран ли Әби Мансур әл-Матуриди. – Стамбул: Дәрүл мизан, 2007. VI том. – 545 б.

6. Осман Шаһин. Истихсан юнтемінін акли герекчелері ве базы уйгылама шекіллері// Дін білімлері араштырма дергісі. – VIII (2008) №4. – С. 41-75.
7. Ибн Хазм әл-Әндулиси. Мулаххасу ибталул-қияс уар-рай уал-истихсан уат-тақлид уат-тағлил. –М.: Димашқ,1960. – 99 б.
8. Әділбаев А., Әділбаева Ш. Әбу Ханифа және Ханафи мәзһабы / А. Әділбаев., Ш. Әділбаева. – А.: Көкжиек – Б, 2011. – 400 б.
9. Сайд Нури Ақгүндүз. Ханафи фуруғунда истихсан – әл-Һидая өрнегі // М.Ү. Иләһият факультеті дергісі. – 23(2002/2). – С. 29-77.
10. Әл-Минһаж фи шархи сахих Мүслим ибн Хажжаж шархүн Нәуәуи ғәлә Мүслим. – Қ.: Бәйтүл әфқарид дәулия, 2000. – 2068 б.
11. Имам әл-Айни. Әл-Биная шәрху Һидая лил имам Айни. – Б.: Дәрул фикр, 1990, IX том. – 340 б.
12. Молла Әли Қари. Фәтхү бабил ғинәя фи шархи китәбин ниқая / Молла Әли Қари. – Б.: Дәру иһияуд-түрасил-араби, 2005, III том. – 444 б.
13. Ибнул Һумам әл-Ханафи. Шарху Фәтхул қадир. – Б.: Дәру күтүбул ғилмия, 2000, V том. – 640 б.
14. Фәтәуа Қадихан фи мәзһаби Әби Ханифа ән-Нүғман. – Б.: Дәру күтүбул ғилмия, 1999. I том. – 580 б.
15. Әбу Бәкір әл-Жассас. Ахкәмул Құран / Әбу Бәкір әл-Жассас. – Б.: Дәрул күтүбил ғилмия, 2003. II том. – 629 б.
16. Әд-Дүррул мәнсур ли Жәлалуддин әс-Сүюти. – Б.: Дәрул фикр, 1993, I том. – 407 б.

**T. Kenshilik, N.E. Kairbekov, S. Okan**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **The role of Istihsan methodology in giving fatwah**

**Abstract.** This article studies Hanafiyah in Kazakhstan and its Istihsan methodology. Istihsan is the name of a separate evidence-based approach to general religious judgment regarding need and necessity. It is emphasized that the Istihsan evidence-based approach is special in optimally governing contemporary issues of public relations and in addressing religious issues. In addition, the role of Istihsan in Shari'ah, its types, and its potential contributing to the strengthening of the historical and ideological integrity of the Kazakh society and strengthening of human brother hood are also examined.

Istihsan is a kind of argument based on finding a way, creating opportunities when the conditions of society or times make life difficult in accordance with the requirements of Islam. This does not mean going beyond (Quran, Sunnah). Probably deviate from the general rule and make a different verdict based on necessity, without an external judgment on us, ijma and qiyas.

Istihsan is one of the proofs of Islamic scholars, especially Hanafi scholars. Scholars also divide istihsan into several types, for example, istihsan of the Koran, istihsan of the Sunnah, istihsan ijma, istihsan of customs, istihsan of necessity and istihsan qiyasa. That is, istihsan and other Sharia arguments are based on evidence.

**Key words:** Koran; hadith; madhhab; Islamic scholars; istihsan; testimonies; history of Kazakhstan; unity; ijtihad; customs; judgments.

**Т. Кеншилик, Н.Е. Кайрбеков, С. Окан**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Роль методики «Истихсан» в вынесении решения**

**Аннотация.** В статье рассматривается приверженность отношения мусульман ханафитского мазхаба (школы) в Казахстане нормам шариата ислама и их методике «Истихсана». «Истихсан» - это название или решение практического подхода, который обобщается с основами шариата в связи с необходимостью или чрезвычайной ситуацией. Этот метод свидетельствует о важности роли рационального суждения в современных вопросах общественных отношений и регулирования религиозных вопросов. В то же

время мотивирующее место «Истихсана» в букве закона шариата, свидетельствует о том, что современное казахское общество способно укрепить свою идеологическую целостность с казахской историей и укрепить дружбу среди народов живущих в Казахстане.

Истихсан - это своего рода аргумент, основанный на поиске пути, создании возможностей, когда условия общества или время затрудняют жизнь в соответствии с требованиями ислама. Это не значит выходить за пределы (Коран, Сунна). Вероятно, отклониться от общего правила и вынести другой вердикт, основанный на необходимости, без вынесения внешнего приговора нас, иджмы и кийаса.

Истихсан – это одно из доказательств исламских ученых, особенно ученых-ханафитов. Ученые также делят истихсан на несколько типов, например, «истихсан Корана», «истихсан Сунны», «истихсан иджмы», «истихсан обычаев», «истихсан необходимости» и «истихсан кийаса». То есть истихсан и другие доводы шариата основаны на доказательствах.

**Ключевые слова:** Коран; хадис; мазхаб; исламские ученые; истихсан; свидетельства; история Казахстана; единство; иджтихад; обычаи; суждения.

## References

1. Ibn Najim. Al-Ashbaha uan nazayr gala mazhabe Abi Hanifa [Al ashbah uan nazair gala mazhabi Abi Hanifa] (Darul kutubil gilmya, Bairut, 1999).
2. As-Sarahsi. Al-Mabsut [Al'-Mabsut] (Darul-magrifa, Bairut, 1978).
3. Uahbatuz Zuhaili. Usulul fykhi islami [Usulul fykhi islam] (Fikr, 2005).
4. Gaunul-magbud sharhu sunani Abi Daut [Usulul fykhi islam] (Salafia, Madina, 1969).
5. Bakir Topalugly. Tauilatul Kuran li Abi Mansur al-Maturidi [Tauilatul Kuran li Abi Mansur al-Maturidi] (Darul mizan, Stanbul, 2007).
6. Osman Shxin. Istihsan iuntaminen akli gereksheleri ve bazy uigylama shkilleri// Din bilimlari arashtyrma dergisi. VIII (4), 41-75 (2008).
7. Ibn Hazim al-Andalusi. Mulahhasu ibtalul-kias uar-ray ual-istihsan uat-taklid ual-tagdil [Mulahhasu ibtalul-kias uar-ray ual-istihsan uat-taklid ual-tagdil] (Dimashyk, 1960).
8. Alau Adilbaev, Shamshat Adilbaeva. Abu Hanifa zhane Hanafi mazhaby [Abu Hanifa's and Hanafi Mazhab] (Kokzhiek– B, Almaty, 2011).
9. Said Nuri Akgunduz. Hanafi furugunda istihsan – al-Hidaia ornegi [Istihsan in the Hanafi Furuga - a sample of Al-Hidaya] // M.Y. Ilahiyat fakulteti dergisi [M.U. Journal of the Faculty of Theology] 23(2), 29-77 (2002).
10. Al-Mihazh fi sharhy sahih Muslim ibn Hazhazh sharhu Nauau gal Muslim [Al-Mihazh fi sharhy sahih Muslim ibn Hazhazh sharhu Nauau gal Muslim] (Kahira, Baitul afkarid daulia, 2000).
11. Imam al-Aini. Al-Binaya sharhu Hidaia li imam Aini [Al-Binaya sharhu Hidaia li imam Aini] (Darul fikr, Bairut 1990).
12. Molla Ali Kari. Fathu babel ginaia fi sharhi kitabin nikaia [Open Babylon Guinea to explain the two books of Nicaea] (Daru ihiaut-turasil arabi, Bairut, 2005).
13. Ibnul Humam al-Hanafi. Sharhu Fathul kadir [Explanation of Qadeer transformation] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 2000).
14. Fataua Kadihan fi mazhabi Abi Hanifa an-Nugman [Judge in the doctrines of Abu Hanifa Anengma] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 1999).
15. Abu Bakir al-Zhssas. Ahkamul Kuran [Ahkamul Kuran] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 2003).
16. Ad-Durrul Mansur li Zhluuddin as-Suiuti [Ad-Durrul Mansur in Zhluuddin as-Suiuti] (Darul fikr, Bairut, 1993).

## Авторлар туралы мәлімет:

**Кеңісшілік Тышқанұлы** – Дінтану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., дінтанушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Кайырбеков Н.Е.** – корреспонденция үшін автор, Дінтану кафедрасының оқытушысы, доцент м.а., PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Окан С.** – Дінтану кафедрасының оқытушысы, доцент м.а., PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Kenshilik Tyshkanuly** – Head of the department of religious studies, Candidate of Philological Sciences at L.N. Gumilyov Eurasian National University st. Khadzhimukhana, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Kairbekov N.E.** – corresponding author, lecturer at the Department of Religious Studies, Associate Professor, Candidate of Religious Studies at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Okan S.** – Lecturer at the Department of Religious Studies, Associate Professor, Candidate of Islamic Studies L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

A.T. Mami<sup>1</sup>  
Z.O. Dukenbayeva<sup>2</sup>

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
(E-mail: <sup>1</sup>anara\_mamy@mail.ru, <sup>2</sup>dukenbaevazo@mail.ru)

## Entrepreneurship in Kazakhstan: A brief history

**Abstract.** *Entrepreneurship is a specific way of doing business and a special type of economic thinking based on independent work. Entrepreneurship is a system aimed at the privatization of state property, creating competition in the market and forming a market economy. The history of business development spans several centuries, and the emergence of modern understanding is associated with the period of formation and development of capitalism. The concept of entrepreneurship appeared in the XVIII century and received the concept of «owner». The process of formation of market relations in Kazakhstan has a great impact not only on the economy, but also on the politics, social relations, culture and mentality of our society. In this sense, the science of history, like all spheres of life, must respond to constant changes. Under their influence, there is a significant change in the research topic in modern historiography, a study is being made of the methods of theoretical understanding of the material in the context of modern social requirements for historical work. The article analyzes the course of entrepreneurial activity in Kazakhstan in 2010-2020 based on statistics, archival data and some information that never been used in scientific circles, identifies trends in the development of entrepreneurship.*

**Key words:** *History of Kazakhstan; economic history; business history; small and medium entrepreneurship.*

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-24-36>

**Introduction.** Methodological foundations of this research based on determining the tools for identifying, organizing, systematizing, and summarizing documents and materials, a methodology that allows us to study the crucial transformational historical period. The methodological basis of this study will be the principle of historicism, which made it possible to approach the object of study, considering the studies of predecessors and the possibility of furthermore in-depth study of the research problem. An analysis of the work of predecessors will not only provide an opportunity to see the picture of the development of the issue under study and to avoid contradictions in the research work. The principle of historicism will be used in the formation of the empirical basis of research, interpretation and analysis of facts,

the construction of the historical picture, periods and stages of its development, the study of the object in dynamics, in the synthesis of the totality of historical sources in the time frame of our study. The comparative historical principle will make it possible to maintain the regional focus of the study, to reveal the features of the conditions for the formation of entrepreneurship in different regions of Kazakhstan. The study will also use the method of perspective lines in the development process of entrepreneurs, representing the allocation of practically significant goals, moving towards them and correlating with them in the process of moving towards achieving and defining new goals.

The revival of entrepreneurship took place in Kazakhstan. In fact, until 1917, entrepreneurship had a place in the country, but at the weak level of

development of the productive forces, then it did not receive the necessary distribution. During the Soviet era, the concept of «entrepreneurship» practically excluded from the economic vocabulary, and the term «entrepreneur» was perceived negatively. Over the past 30 years, Kazakhstan has developed its economy on the basis of a centralized system inherited from the Soviet system. This was a significant step based on statistical data provided by the areas for achieving the planned goals. In the works of Soviet historians, the conclusions about the purely capitalist, personal, operational nature of the market system are legalized. We conclude that such distortions of the past were rooted in the ideology of the time. The collapse of the Soviet totalitarian system not only shook such approaches, but also led historical science to turn to other ideological studies.

The official pre-revolutionary historiography on market relations and business development in Kazakhstan was characterized by a clear subtlety. Many Russian scholars have tried to strengthen the «civilized» role of the tsarist government and attribute positive phenomena to it. One of the leading historians who is currently studying the penetration of capitalism into Kazakhstan and the formation of the national bourgeoisie is T. Tulebayev. He followed the process of mastering the topic in several historiographic works and described all areas of its study, including the content of the trends accumulated in the works of Soviet and modern Kazakhstani historians. He strove to identify the points of growth of the problem and to form a holistic approach to the genesis of capitalism in pre-revolutionary Kazakhstan.

For the first time, the concept of an entrepreneur is encountered in the arena of the history of the emergence of slavery, when the opportunity arose to use the labour of slaves, and the war became the engine of economic entrepreneurship: after the conquerors - the generals, the conquerors - the business executives - followed. History has preserved the memory of many entrepreneurs, whose activities were closely associated with militant raids, piracy, and trade. The first

entrepreneurs - industrialists were associated with military affairs. The father of the famous Athenian orator Demosthenes was the owner of a sword factory, where 32 slaves worked. In Rome, there were schools of gladiators organized on an entrepreneurial basis.

**Discussion.** In the Middle Ages, economic conditions appeared for the formation of a new type of entrepreneurs. Aspiring entrepreneurs of that time were represented by merchants, traders, artisans, and missionaries. Trade reached a high level in the 9th-12th centuries in Central Asia. During the excavations, imported items were found in the hoards - artistic dishes, coins. The major centers of entrepreneurship were Ispidzhab, Keder, Otrar, Taraz, Navaket, Balasagun. Such cities of the north-eastern Zhetisu as Kallyk, Iki-Oguz were added to them. In Ispidzhab there were simple markets and a market for linen, a caravan - sarai. In addition to international trade, local regional trade and trade with nomads developed. Its development is evidenced by the finds of coins that served international and regional trade. The city's trade with the region and the steppe was developing.

At the end of the 17th century, the first joint-stock banks appeared. Historically, banks have become the main form of not only keeping depositor's money, but also effectively placing funds in various industries, trade and services. The largest scale of banking operations was in England, where capitalism as a social system won out earlier than in other European countries.

қалаларды өздерінің саяси орталықтарына айналдырған. Оғыз билеушілері қала мәдениеті дамыған Сыр бойындағы жерлерді күйретпеген қайта олардың дамуына өз үлестерін қосқан. Ортағасырлық жазба деректерде Сырдың орта ағысында орналасқан оғыз қалалары туралы деректер өте аз қамтылған.

**Кедер (Құйрықтөбе) қалажұрты.** Оғыз мемлекеті құрылғанға дейін Фараб оазисіндегі басты саяси орталық Отырар қаласы болған. X ғасырдағы деректерде, Мұхамед ал-Истахри жазбасында Субаникенттен Бараб округінің бас қаласы Кедерге дейін екі күндік жер екендігі келтірілген. Ибн-Хаукалдың деректерінде Испиджаб округіне жақын орналасқан қалалар ретіне Кедер де аталады, және бұл деректерде Отырар аталмайды [1, 78-79 б.].

Мақдиси қалдырған деректерде, Кедер Фараб округіндегі бой көтерген жаңа қала



Топография-1. Кедер (Құйрықтөбе) қалажұртының топографиясы

ретінде аталып, онда орталық мешіт барлығы және жергілікті халықтар арасында дінаралық қақтығыс болғандығы көрсетілген [2, 234 б.]. Кедер қаласындағы жергілікті халықтардың өзара қақтығысы туралы толығымен баяндалмаған, шамасы бұл қақтығыс жергілікті халықтар мен Сырдың орта ағысын жаулап алған оғыз тайпаларымен болған қақтығыс болуы мүмкін. Кедер қаласының негізі Оғыз мемлекеті құрылғанға дейін қаланған, және саманиліктер билігі кезінде мұнда ислам діні кеңінен тарала бастаған. Оғыз тайпалары ислам дінін қабылдағанға дейін отқа, пұтқа табынған, шамасы жоғарыда айтылған кішігірім қақтығыс исламды ұстанған жергілікті халықтар мен кейбір оғыз тайпаларының арасында болуы мүмкін.

X ғасырда Кедер қаласы Фараб округінің бас саяси экономикалық орталық болуының себебі, бұл жерлерге Оғыз мемлекетінің нығайуының әсерінен. Оғыз билеушілер жергілікті халыққа қысым көрсетпей, Сырдың орта ағысындағы дамыған қала мәдениетінің көркеюіне қолдау көрсете отырып,

экономикалық жағынан дамуына ықпалын тигізген. Сырдария өзенінің алабы мен Қаратау бөктеріне дейінгі жерлерге билігін жүргізген оғыз жағбулары осы жерлерді басқару үшін саяси орталықтар құрған. Кедер қаласы Фараб округін басқаруға тиімді саяси орталықтың бірі болған.

Ортағасырлық деректерге сүйене отырып, археологтар Кедер қаласының қирандысының орнын толық анықтаған. Қиранды орны Отырар қалажұртының солтүстік-батысында 5 км қашықтықта орналасқан қазір Құйрықтөбе атауымен белгілі тарихи ескерткіш (Топография-1). Құйрықтөбе қалажұрты 1951 жылдан бастап археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Ауқымды қазба жұмыстары 1981 жылы жүргізіліп шахристан, цитадель аумақтарында VII-XII ғғ. кезеңдерін қамтитын құрлыс орамдары қазылып аршылды [3, 163 б.].

Шахристан аумағында жүргізілген жұмыстар барысында тұрғылыққа арналған тұрғын жайлармен қатар, көпшілікке арналған қаланың орталық жұма мешітінің



Сурет-1. Кедер (Құйрықтөбе) қалажұртының әуеден көрінісі

орны анықталды. Мешіт қабырғалары күйдірілген кірпіштермен қаланған, ғимараттың жалпы көлемі 36,5x20,5 м, қаланың құлдырау кезеңінде жергілікті тұрғындар қаланы жартылай тастап кеткен кезінде мешіттің құрылыс қабырғалары XIII-XIV ғғ. мұсылман зираттарының қабір құрылысына бұзылып алынған. Қазба барысында алынған материалдарды сараптау нәтижесінде мешіт X-XII ғғ. тән екендігі нақтыланған (Сурет-1).

Цитадель аумағында жүргізілген қазба барысында салтанат сарайының орны аршылды. Қазба барысында ғимарат ішін қаптаған шала өртенген ағаштан жасалынған әрлеуіш тақталардың қалдықтары табылды. Бұл тақталарда түрлі стильде жасалынған өсімдік тәрізді өрнектер мен құдай бейнелері ойылып салынған. Зерттеулер нәтижесінде бұндай бейнелер Пенжикент, Гиссар жоталарынан табылған бейнелерге өте ұқсас болып келетіндігі анықталды. Осы материалдардың негізінде зерттеушілер Кедер қалажұртында оттың, табиғаттың тылсым күшіне табыну діни-нанамдары соғдылықтар арқылы тарағандығы туралы тұжырым жасаған. Осыған қарағанда соғдылықтар мәдениеті Сыр бойындағы халықтар арасында саудагерлер арқылы тарап, сол жерлердегі діни ағымдарына етене араласып кеткен. Оғыз дәуірінде ислам діні кең тарай бастағанмен, зарастризм діні біраз уақытқа дейін тұрақтап тұрған [4, 27 б.].


Оғыз державасының құлдырау кезеңінде Кедер қаласы да құлдырау кезеңін бастан кешірген. Қала Фараб округіндегі бас қала мәртебесін айрылып бұл өлкенің саяси орталығы ретінде қайтадан Отырар аталады. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап қаланың негізгі бөлігі бос қалған және шахристан бөлігі мұсылмандық жерлеру орнына айналған. Кедер қалажұртының рабат бөлігінде тіршілік тоқтамаған, әсіресе, монғол шапқыншылығынан кейін бұл жерлерде өндіріс ошақтары қайта көркейген. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде, Құйрықтөбенің рабат аумағынан кірпіш күйдіретін өндіріс орындары анықталынды. Шеберхана бірнеше кірпіш күйдіретін

ошақтар мен тұрғылыққа арналған тұрғын үй орамдарына тұрады, шеберхана XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XIV ғасырға дейін қолданыста болған. Ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінен рабат аумағынан Құйрықтөбенің негізгі суландыру каналының бойында темір ұсталарының шеберханалары болған. Үлкен аумақты алып жатқан темір ұсталарының орамынан бірнеше шеберханалардың орны мен бірнеше жанұяға тиесілі тұрғын үй орамдары анықталынған. Әр шеберхананың өзіндік функциясы болған, бір шеберханада тұрмысқа қажетті темір бұйымдарын жасаса, екіншісінде арнайы рудалардан темір қортпасын бөліп шығаратын болған [5, 178-187 б.].

Кедер қаласы X-XII ғғ. Фараб округіндегі үлкен сауда мен өндіріс орындары шоғырланған орталық болған, қазба нәтижесінде бұл толық анықталынды. Оғыз державасы ыдырап қаланың негізгі бөлігі бос қалғанымен оның рабат аумағында тіршілік тоқтамаған.

**Қарашық қалажұрты.** Ортағасырда Сырдарияның орта ағысындағы жерлерде бірнеше округтер мен оларды басқаратын саяси орталықтары болған. Оғыз мемлекеті кезінде сондай округтердің бірі Түркістан, жазба деректерде бұл округ пен оның саяси орталығы Шавғар қаласы туралы көп қамтылған. Оғыз мемлекеті құрылғанда округтың саяси орталығы Шавғар емес Қарашық (Каражук) қаласы болған. Ортағасырлық деректерде Қарашық қаласы туралы деректер көп кездеспейді, тек М. Қашқаридың еңбегінде ғана «Каражук Фараб атауы оғыз қалаларының бірі» екендігі келтірілген [6, 450 б.]. Шамасы түрлі саяси жағдайларға байланысты Фараб округінің аумағы (шекарасы) өзгеріп отырған, М. Қашқаридың жазбасына қарағанда Түркістан өлкесі Фараб округінің аумағына кіргендігі сөзсіз.

XI ғасырда Сырдария өзенінің солтүстік-шығысында жатқан тау жоталары Қарашық атауымен аталған және оғыз тайпаларының негізгі шоғырланған жері Сырдарияның орта ағысындағы жерлер мен Сығанақ қаласының




Топография-2. Қарнақ қалажұртының топографиясы  
(Қарнақ елді мекенінің тарихы мен топонимикасы)

маңы болған. Қарашық Қаратау жотасының ежелгі атауының бірі, осы жерден түркімен-сұлжуктері Хорезім жеріне қарай ойысқан, Қарашық және Сығанақ жері түркімен сұлжіктерінің негізгі отаны ретінде аталады [6, 174 б.].

Ортағасырлық деректердің аздығынан Қарашық қалажұртының орны ұзақ уақытқа дейін нақтыланбай келді. Көптеген зерттеушілер қала орнын Түркістан қаласының оңтүстік-шығысында 8 км қашықтықта орналасқан Шойтөбе (Шавғар) ескерткіші деп келген. Соңғы археологиялық зерттеулер барысында Қарашық қалажұрты Түркістан қаласының солтүстігінде 6 км қашықтықтағы Қарашық өзенінің оң жағалауында орналасқан Төрткүл I ескерткішінің орны екендігі нақтыланды [8, 56-57 б.].

**Қарнақ қалажұрты.** М. Қашқаридың жазбаларында оғыз қалалары ретінде Қарнақ

қаласы да аталады, бірақ бұл қаланың орналасқан жері көрсетілмейді. Мақдиси жазбаларында Қарнақ, Шавғар мен Сауран қалаларының ортасында орналасқандығы келтірілген. XVII ғасырдың аяғында, Федор Скибин мен Матвей Трошин Қазақстан мен Орта Азияға барған сапары барысында жазылған күнделігінде, Қарнақ қалажұрты жайында мәліматтар кездеседі [9,80]. Зерттеушілер арасында қаланың нақты орналасқан жері туралы пікірталастар көп болған, Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің зерттеулерінде, Қарнақ қаласының орны Шорнақ елді мекенінің маңындағы Садық-Ата (Сейдақ) ескерткіші деп нақтылағын. Сонымен қатар, аталған археологтар Қарнақ қалажұртында қазба жұмыстарын жүргізді, бірақ белгілі бір қорытынды шығара алмады (Топография-2). XIX ғ Түркістан әскери округінің картасында бұл төбе Шорнақ деп



Топография-3. Қаратөбе қалажұртының топографиясы.

аталған, осы деректерге сүйене отырып, Шорнақ Қарнақ атауының диалектикалық өзгертілген түрі деп тұжырымдаған [10, 104 б.].

К.М. Байпақов Қарнақ қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған материалдарды негізге ала отырып, Шорнақ (Садық-Ата) қалажұртында VIII ғ. тіршілік тоқтағандығын айта келе, Қарнақ қалажұртының орны Атабай ауылының маңындағы Ишкент қалажұрты деп пайымдаған [11, 27 б.]. Осы Қарнақ қаласында XIV ғ. Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне арнап қоладан тайқазан құйылған.

**Сауран қалажұрты.** Сырдың орта ағысындағы үлкен ортағасырлық қаланың бірі Сауран (Савран) болған, қала туралы X-XII ғғ. тарихшылары ал-Истахри, Ибн-Хаукаль, ал-Мақдиси, Якут ал-Хамави деректерінде кездеседі. М. Қашқари жазбаларында Сауран (Сабран) оғыз қалаларының бірі ретінде аталады [11, 409 б.].

Мақдиси жазбаларында қала туралы мынадай дерек келтірілген; «Сауран үлкен

қала айналасы жеті қорған қабырғасымен қоршалған, қабырға сыртында рабат орналасқан, қаланың ішкі бөлігінде орталық мешіті бар. Сауран оғыздар мен кимақ иеліктерін бөліп тұрған шекаралық, қорғанысы мықты қала, мұнда оғыз саудагерлері сауда-саттықпен айналысу мақсатында және бейбіт келісім жүргізу үшін келетін болған» [2, 234 б.].

Сырдың орта ағысында Оғыз мемлекетінің негізі қаланған кезде Сауран Сырдың төменгі ағысындағы жерлермен байланыстыратын шекаралық қала болған. Оғыз мемлекеті кемеліне келгесін ауқымды жерді тиімді басқару үшін оң қанат, сол қанат (Ескі Гузия, Жаңа Гузия) болып екіге бөлінген. Осы екі қанаттың арасындағы шекаралық қала Сауран болуы мүмкін.

Ертедегі атауы сақталынып қалынған ескерткіштердің бірі - ол Сауран. Қазіргі біз білетін Сауран қалажұртының негізі XIII ғасырда қаланған, ал монғол дәуіріне дейінгі қаланың орны қазіргі Сауран қалажұртының шығысында 3 км қашықтықта орналасқан Қаратөбе ескерткіші екендігі археологиялық

зерттеулер барысында анықталынған (Топография-3). XI ғ. екінші жартысында қыпшақ мемлекетінің жаутершілік соғыстары барысында қала қиратылып, біршама уақыттан кейін қазіргі Сауран қаласы қайтадан бой көтерген.

Жоғарыда аталынып өткен ескерткіштер оғыз дәуіріне дейін өркендеп өсіп отырған, оғыз қағанаты құрылғанда бұл қалалар Сырдарияның орта ағысындағы маңызы зор саяси орталықтарға айналған, монғол дәуірі кезінде де өз маңыздылықтарын жоғалтпаған.

Оғыз державасы нығайған шағында Сырдарияның сол жағалауындағы жерлерді бақылауда ұстау үшін және сауда-саттықты нығайту мақсатында бірнеше қалаларды өздерінің басты саяси экономикалық орталықтарына айналдырған. Ол қалажұрттар бізге өздерінің ортағасырлық тарихи атауларымен белгілі.

**Сүткент қалажұрты.** Өзінің ежелгі тарихи атауын сақтап қалған ортағасырлық Сүткент қалажұрты Сырдария өзенінің орта ағысындағы, сол жақ жағалауында орналасқан кезінде қала мәдениеті дамыған үлкен қалалардың бірі болған. X-XIII ғғ. Сүткент қаласы Фараб аумағындағы бай қалалар тізіміне кірген және мал шаруашылығы өркендеген Келес даласындағы аймақ пен Фараб уәлаятының тығыз байланыстырған экономикалық орталық болды. Сүткент қаласы маңызды егіншілік пен мал шаруашылығының тоғысқан жері болғандықтан кейбір ортағасырлық тарихшылар қаланы сол кездегі өркендеген Фараб (Отырар) және Тараз қалаларымен деңгейлес қала ретінде атап өтеді [12, 74 б.].

Ортағасырлық тарихшылардың жазбаларында Сүткент қаласы туралы деректер аз қамтылған. X ғ. тарихшысы ибн Хаукалдың еңбегінде (Китаб ал-масалик в ал-мамалик) Сүткент Испиджаб аймағындағы қала ретінде аталады [1, 79 б.]. Бірақ бұл деректе нақты қандай мемлекет құрамына кіретіндігі айтылмайды.

Махмұд Қашғаридың жазбасында Сүткент (Ситкун) оғыз қалаларының бірі ретінде аталады [11, 414 б.]. Осы жазбаға қарап Сүткент X-XI ғғ. Сырдарияның орта


ағысында құрылған оғыз мемлекетінің басты қалаларының бірі болғанын білеміз. Оғыз мемлекеті кемеліне жетіп өркендеген кезде бұл қала мемлекеттің Мауеренахр жерімен байланыстыратын шекаралық қала қызметін атқарды. Қала орны Мауеренахр мен Сырдың бойындағы қалалармен экономикалық сауда қатынасын байланыстыратын жол торабының тоғысқан жері еді.

Басқа деректерде Сүткент оғыздарға тиесілі қала екендігі айтылмайды, тек Сырдарияның сол жағалауындағы Фараб аймағына кіретін қала ретінде Весижбен (Оқсыз) қатар аталады және ортағасырда Сүткент маңында ислам дінін қабылдаған оғыз, қарлұқ тайпалары мекендегені туралы деректі кездестіруге болады [2, 234 б.].

Оғыз тайпаларының Сырдария өзенінің сол жағалауында мекендегендігі туралы X ғ. деректерінде айтылған. Ал Сүткент Мауеренахр мен көшпенді түрік-оғыз тайпалары арасындағы шекаралық қала екендігі ал-Истахри жазбаларында келтірілген [7, 74 б.].

Жалпы араб және иран деректерінде Сырдарияның сол жағалауындағы керуен жолы бойындағы қалалар ретінде тек Сүткент пен Весидж ғана айтылады. Ортағасырлық деректерде бұл екі қаланың аталуын Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич өз еңбектерінде түсіндірме берді. Сол кездерде Мауереннахр жерімен жүргізілген сыртқы сауда аталған екі қала арқылы жасалған, ал ішкі сауда жергілікті саудагерлер арқылы іске асырылған. Сондықтан араб, иран тарихшылары сыртқы сауда байланысының орталықтары болған Сүткент, Весидж қалалары туралы нақты ақпаратты білгенімен, ішкі сауда жолында орналасқан қалалар мен кішігірім елді мекендер туралы мәлімет білмегендігінен олар туралы ештеме айтылмайды.

Сүткент қаласы туралы деректер XV ғ. жазбаларында Әмір Темір 1404/05 ж қыс айында Самарханнан Отырарға сапары барысында осы қалаға тоқтағандығы айтылады. [13, 224 б.]. Әмір Темір 1405 жылы Қытайға үлкен әскери жорық жасау үшін Отырар қаласына өзінің әскерін топтастырған.



Сурет-2. Сүткент қалажұртының планы

Осы жорыққа дайындық барысында ұлы әмірші сырқаттанып 1405 жылдың қыс айында Отырар қаласында қайтыс болды.

Қазіргі таңда Сырдарияның сол жағалауында Қаракөл көлінің алабында Сүткент атауымен аталатын екі ортағасырлық қала орындары бар. Сүткент I қалажұрты қазіргі Сырдария өзенінің сол жағалауында, қазіргі Сүткент ауылының солтүстік-батысында 2 км қашықтықта орналасқан. Ескерткіш жалпы жоспарда жартылай шеңберлі болып келеді, шахристан қамал қабырғасы биіктігі 2 м жал күйінде сақталған. Қаланың солтүстік-батыс бөлігіне таман ішкі қорған цитадель орналасқан. Жалпы жоспарда төртбұрышты көлемі 150х150 м, бұрыштары дүниенің төрт тарапына бағытталына орналасқан цитаделдің жалпы биіктігі 8 м (Сурет-2).

Сүткент II ескерткіші қазіргі Сүткент елді мекеннің аумағында Сүткент I ескерткішінің шығысында 1,5 км аралықта орналасқан. Жоспарда бесбұрышты, ескерткіштің жалпы биіктігі 1,5 м, ескерткіштің орталық бөлігінде сол замандағы құрылыс орындарының іздері байқалады [14, 340 б.]. Бұл ескерткіш қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын жүргізу

барысында барынша бүлініп, жермен-жексен болған (Сурет-2)

Сүткент I қалажұртын алғаш рет орыс зерттеушісі 1900 жылы О.А. Руднев зерттеген. Кейіннен, Ресей патшалығының зерттеушісі И.А. Кастеньенің 1910 жылы жарық көрген «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» еңбегінде Сүткент I қалажұртының толық топографиялық сипаттамасы жазылды. Ескерткішке археологиялық қазба жұмыстарын 1949 жылдары ОҚАЭ мүшелері А.Н. Берштанның жетекшілігімен жүргізді.

Ескерткіш аумағының бірнеше жерінен бақылау қазбалары салынып, жалпы топографиялық жоспары жасалды. Солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан қала орталығы мен шахристан бөлігі терең ормен қоршалған. Цитаделге кіретін бас қаппа солтүстік-батыс қамалқабырғасының ортатұсында орналасқан. Қаланың шахристан бөлігіне негізгі солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс қақпалары арқылы кірген. Археологиялық қазба жұмыстары барысында Сүткент I қалажұрты I-XIII ғғ. өмір сүргендігі анықталса, Сүткент II қалажұрты XIV-XVIII ғғ. кезеңдерінде өмір сүргені белгілі болды [10, 120 б.].

1949 жылғы зерттеулерден кейін араға ұзақ уақыт салып 2009 жылы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сырдарияның сол жағалауында орналасқан тарихи ескерткіштерге археологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді сараптай отырып, экспедиция жетекшісі Д.А.Талеев Сүткент қалажұртының орнын үш мәрте ауыстырылғандығы туралы өз тұжырымын жасады. Қаланың алғашқы бой көтерген жері Сырдың сол жағалауындағы Сүткент I ескерткішінің солтүстік-батысында 2 шақырым қашықтықта орналасқан Ақтөбе I ескерткішінің орны деп есептейді [15, 129 б.].

Ақтөбе I ескерткіші – 1949 жылғы экспедиция барысында зерттелген тарихи орындардың бірі. Зерттеу барысында ескерткіштің цитадель, шахристан, рабат аумақтарында бірнеше жерден археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Қазба жұмыстары барысында көптеген жәдігерлер табылып, сараптау нәтижесінде Ақтөбе I қалажұртының төрт мәдени қабаттан тұратындығы анықталған. Бірінші мәдени қабаты б.з. IV-V ғғ. екінші VI-VIII ғғ. үшінші IX-XI ғғ. төртінші XI-XIII ғғ. кезеңдерін қамтиды. Қала XIII ғ. алғашқы ширегінде түрлі саяси оқиғаларға байланысты Орта Азия жеріндегі басқа да қалалармен бірге тіршілігін біржола тоқтатқан [16, 120 б.].

Ақтөбе I, Сүткент I қалажұрттары бір мезгілде мәдениеті өркендеп, бір мезгілде тіршілігі тоқтаған. Сондықтан Сүткент қалажұртының алғашқы бой көтерген орны Ақтөбе ескерткішінің орны деген еш қисынға келмейді.

Сүткент I қалажұрты Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан қалалардың ең үлкені, қала ортағасырда Испиджаб, Фараб аймақтарын Мауренаһр жерімен басланыстыратын маңызды орталық қызметін атқарды. Сүткент I қалажұртында XIII ғ. алғашқы кезеңінде тіршілігі тоқтаған, осы уақыттарда Орта Азия жерінде түрлі саяси оқиғалар кезеңін бастан кешірді. Қарақытай мемлекеті мен (батыс лаяу патшалығы), найман Күшлік хан және Хорезм шахы

Мұхаммедтің арасындағы соғыстар, монғол шапқыншылығы өркендеген қала мәдениетіне үлкен зардабын тигізді. Алайда, Сүткент I қалажұртының ортағасырлық деректерде Хорезм шахы Мұхаммедтің жаугершілік соғыстары барысында немесе монғол шапқыншылығы кезінде қиратылғандығы туралы жазбалар кездеспейді. Тіршілігі тоқтаған қалажұрт араға біраз уақыт салып XIV ғ. қайта тұрғызылды. Нақты қай әміршінің бұйрығымен және қай мемлекеттің тұсында қайта бой көтергендігі белгісіз. Қайта тұрғызылған Сүткент қалажұрты бұрынғыдай көлемі үлкен өркендеген қала болмаса да, өзінің географиялық орнының қолайлылығына байланысты, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы ірі орталықтың бірі ретінде өз маңыздылығын жоғалтпаған.

**Рабат қалажұрты.** Сырдарияның сол жағалауындағы ескерткіштер аз зерттелген, әрі соңғы зерттеулерге сүйеніп, оғыз мемлекетінің шекаралық қаласының бірі ретінде Рабат қалажұртын атауға болады. Рабат ескерткіші Сырдарияның сол жағалауында Маяқұм елдімекенінің оңтүстік-шығысында 7 км қашықтықта орналасқан. Ескерткіш туралы алғашқы деректер Н.В. Рудневтің еңбегінде айтылған, 1970 жылғы зерттеу барысында ескерткіштің IV-VIII ғғ. және XIV-XV ғғ. кезеңдеріне қатысты екендігі нақтыланған.

М. Қожа өзінің зерттеулерінде А. Қыраубаева, С. Қасқабасовтың еңбектеріне сүйене отырып, ортағасырда жазылған «Қисса-и Рабғузи» немесе «Қиссас-үл әнбия» шығармасының авторы Насреддин Рабғузидің туған жері «Рабатуғұз» атты елді мекенінің осы қазіргі Рабат ескерткішімен байланыстырады [17, 161 б.]. Рабат ескерткіші Сырдың сол жағалауындағы оғыз мемлекетінің шекаралық қаласының бірі болған, Рабат Бұқараға қатынайтын сауда жолының қауіпсіз болуын қамтамасыз етіп осы өңірдегі жерлерді бақылауында ұстауға мүмкіндік берген. Сырдың сол жағалауында Сүткент пен Рабат қалажұртының аралығында оғыз мемлекетінің шекаралық қызметін атқарған қалалар болғандығы анық. Мемлекеттің іргесін мықтап бекітіп, өзге

елдермен саяси байланысты нығайтуға, қол астындағы жерлерде мекендеген тайпаларға билігін жүргізу үшін Оғыз мемлекетінің саяси орталықтары болған қалаларды анықтау алдағы уақыт еншісінің мақсаты болып табылады.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, Оғыз мемлекетінің Фараб оазисінің саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарғандығы анықталды. IX ғасыр соңы мен XI ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі ұлан-ғайыр территорияда мекендеген. Оғыз тайпаларының, тіпті, Орталық Қазақстан территориясында мекендегендіктері жайында мағлұматтар кездеседі. Оғыз тайпаларының территориясы көршілес отырықшы Хорезм, Мауераннахр және Хорасан аймақтарымен шектесіп жататын.

Жазба деректерде Оғыз мемлекеті тұсында Фараб оазисінде Отырардан басқа, Кердер, Весидж және Бұзық қалалары гүлдене бастады. Сонымен қатар, Шауғарда Яссы және Шағылжан, Қарнак, Қарашық және Шур (Сури) қалалары да гүлдене бастады.

Осы кезеңде қалаларда рабадтар қалыптаса бастады. Рабадтар қалалардың көлемінің ұлғайуына әсер етті. Қарастырылып отырған кезеңдегі қал құрылысының құрылымында жаңадан пайда болған элемент мешіт болып табылады. Бұған IX-XII ғасырлардағы жазба және археологиялық дереккөздері дәлел болуда. Себебі жазба деректерде қалаларды сипаттаған кезде, қалаларда мешіттердің орналасқандығы баяндала бастады, археологиялық деректер де бұл мағлұматтарды қуаттай түсуде.

X ғасырда Сырдың орта ағысындағы жерлерді өзінің қарамағына бағындырған Оғыз мемлекеті, өз державаларын нығайту мақсатында және жаулап алған жерлерді басқару тиімділігін арттыру үшін бірнеше қалаларды өздерінің саяси орталықтарына айналдырған. Оғыз билеушілері қала мәдениеті дамыған Сыр бойындағы жерлерді күйретпеген, қайта олардың дамуына өз үлестерін қосқан. Ортағасырлық жазба деректерде сырдың орта ағысында орналасқан оғыз қалалары туралы деректер өте аз қамтылған.

### Әдебиеттер тізімі

1. Волин С. Сведение арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии. -1960. - С. 78-79.
2. Бартольд В.В. Туркистан в эпоху монгольского нашествия / В.В. Бартольд. - Москва: Восточная литература, 1963. - 234 с.
3. Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жинағы // Отырар ауданы. – Алматы. 2007. - 163 б.
4. Байпақов К.М. Құйрықтөбе ежелгі Кедер шаһары / К.М. Байпақов. - Алматы: Баур, 2005, - 27 б.
5. Акишев К.А., Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б.. Отрар в XIII-XV веках. - Алматы: Наука, 1987. - 178-187 с.
6. Махмуд ал-Кашгари Диван Лугат ат-Турк / Махмуд ал-Кашгари. - Москва: Дайк-Пресс, 2005. - 450 с.
7. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средной Азии IX-XIII вв. - Ашхабад: Ылым, 1969. – 174 с.
8. Байпақов К.М. Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации, сборник материалов международной научной конференции // Огузы, туркмены и сельджуки в городах Южного Казахстана. – Алматы, 2007. - 56-57с.
9. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан / К. Байпақов, А. Нұржанов. – Алматы: Атамұра, 1992. – 208 б.
10. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. – Алматы: 1958. – 104 с.
11. Махмуд ал-Кашгари Диван Лугат ат-Турк / Махмуд ал-Кашгари. - Москва: Дайк-Пресс, 2005. - 409 с.
12. Маргулан А.Х. Из истории городов строительного искусства древнего Казахстана // Издательство Академии Наук Казахской ССР. - Алматы: 1960. - 74 с.

13. Бартольд В.В. Работа по исторической географии // К истории орошения Туркистана - М.: Наука, 1965. - 224 с.
14. Археологическая карта Казахстана // Издательство Академии Наук Казахской ССР. - Алматы: 1960. - 340 с.
15. Талеев Д.А. Сүткент оғыздар қаласы // «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Түркістан: 2017. - 129 б.
16. Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.И. Древности Чардары - Алматы: Наука Казахской ССР, 1968. – 120 с.
17. Қожа М., Байсариева Г.О. Фараб-Отырар иелігінің Сырдарияның сол жағалауындағы елді мекендері // «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Түркістан: 2017. - 161 б.

Н.О. Сералы<sup>1</sup>, Б.С. Сиздинов<sup>2</sup>, А.А. Сералиев<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup> «Отрарский государственный археологический музей-заповедник», Шауелдир, Казахстан

<sup>2</sup> Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан

### Политические центры государства Огузов в Фарабском оазисе

**Аннотация.** В раннем средневековье городская культура процветала в южных регионах Казахстана. Среднее течение реки Сырдарьи, где встречаются поселения и кочевая культура стала родиной для многих племен. Многие государства, основанные в средние века, мечтали присоединить земли Сырдарьи, где процветали сельское хозяйство и торговля. Государства Саманидов, Карлуков, Караханидов утвердили свое господство в этих областях и сосредоточились на развитии городской культуры. Когда племена огузов завоевали земли в среднем течении Сырдарьи и основали великую державу, они восприняли культуру города как великую движущую силу роста и процветания государства. В X веке государство Огузов, подчинившее себе земли в среднем течении Сырдарьи, с целью укрепления своей державы и повышения эффективности управления завоеванными землями превратило несколько городов Фарабского оазиса в свои политические центры. Огузские правители не стали разрушать города с развитой городской культурой, наоборот внесли вклад в их развитие. Следует отметить, что в средневековых арабских, персидских письменных источниках есть сведения о государстве Огузов, политическими центрами которого являлись города в нижнем течении Сырдарьи. Существуют сведения о городе Жанкент (Дих-и-нау, Шахкен) - политическом центре государства Огузов в X-XI веках. Однако, недостаточность информации средневековых письменных источников о огузских городах, расположенных в среднем течении Сырдарьи, побудило авторов к написанию данной статьи, с целью определения политических центров Огузского государства. В статье проанализированы результаты археологических исследований и письменных источников, связанных с политическими центрами Огузского государства. Структурный анализ городской культуры Огузского государства, позволил определить их роль и место в географическом пространстве Фараба.

**Ключевые слова:** оазис Фараб; Центральная Азия; Сырдарья; государство огузов; средневековье; средневековые города.

Н.О. Seraly<sup>1</sup>, B.S. Sizdikov<sup>2</sup>, A.A. Seraliyev<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup> Otrar State Archaeological Reserve-Museum, Shaulder, Kazakhstan

<sup>2</sup> Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

### Political centers of the Oguz state in the Farab oasis

**Abstract.** In the early Middle Ages, urban culture flourished in the southern regions of Kazakhstan. The middle flow of the Syr Darya River, where settlement and nomadic culture were found, had become a homeland for many tribes. Many states founded in the Middle Ages planned to annex the lands of the Syrdaria, where agriculture and trade flourished. The states of Samanids, Karluks, Karakhanids asserted their dominance in these areas and focused on the development of urban culture. When the Oghuz tribes conquered the lands in

the middle flows of the Syr Darya and founded a great power, they perceived the culture of the city as a great driving force behind the growth and prosperity of the state. In the X century, the Oghuz state, which subjugated the lands in the middle flows of the Syr Darya, in order to strengthen its power and improve the management of the conquered lands turned several cities of the Farab oasis into their political centers. Oghuz rulers did not begin to destroy cities with developed urban culture; on the contrary, they contributed to their development. It is necessary to note that in medieval Arab and Persian written sources there is information about the state of Oghuz. The political centers of state of Oghuz state were the cities in the lower flows of Syr Darya. There is information about the city of Zhankent (Dikh-i-nau, Shahrken), the political center of the Oguz state in the X-XI centuries. However, the lack of information in medieval written sources about the Oghuz cities located in the middle flow of the Syr Darya encouraged the authors to write this article in order to determine the political centers of the Oghuz state. The article analyzes the results of archaeological research and written sources related to the political centers of the Oghuz state. Structural analysis of the urban culture of the Oghuz state, allowed to determine their role and place in the geographical space of Farab.

**Key words:** Farab oasis; Central Asia; Syr Darya; Oghuz state; Middle Ages; medieval cities.

### References

1. Volin S. Svedenie arabskikh istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnyih rayonah [Survey of Arab sources of IX-XVI centuries about the Talas River valley and adjacent areas], Trudyi instituta istorii, arheologii i etnografii [Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography]. 1960. P. 78-79.
2. Bartold V.V. Turkistan v epohu mongolskogo nashestiya [Turkey in the era of the Mongol invasion] (Izdatelstvo vostochnoy literatury, Moscow, 1963).
3. Ontustik Kazakhstan oblisi tarihi jane madeniet eskertkisherinin jinagi [Collection of historical and cultural monuments of South Kazakhstan region], Otirar Audani [Otyrarsky district]. (Almaty, 2007).
4. Baypakov K.M. Kuyruktobe ejelgi Keder kalasi [The ancient city of Cuiructobe] (Almaty, 2005).
5. Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B. Otrar v XIII-XV vekah [Otrar in XIII-XV centuries] (NAUKA Kazahskoy SSR, Alma-Ata 1987).
6. Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk. [Divan Lugat at-Turk] (Dayk-Press, Almaty, 2005).
7. Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednei Azii IX-XIII vv. [Essays on the history of Oguzes and Turkmens of Central Asia in the IX-XIII centuries] (Yilyim, Ashhabad, 1969).
8. Baypakov K.M. Vklad kochevnikov v razvitie mirovoy tsivilizatsii, sbornik materialov mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii [The contribution of nomads to the development of world civilization, a collection of materials from the international scientific conference], Oguzyi, turkmenyi i seldzhuki v gorodah Yuzhnogo Kazakhstana. [Oguzes, Turkmens and Seljuks in the cities of Southern Kazakhstan] (Almaty, 2007).
9. Baypakov K.M., Hurjanov A. Ulu jibek joli jane ortagasirlik Kazakhstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan] (Almaty, 1992).
10. Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlyih poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of sedentary settlements and cities of Southern Kazakhstan], Trudyi Instituta Istorii, Arheologii i Etnografii [Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography] (Alma-Ata, 1958).
11. Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk. [Divan Lugat at-Turk] (Dayk-Press, Almaty, 2005).
12. Margulan A.H. Iz istorii gorodov stroitelnogo iskusstva drevnogo Kazakhstana [From the history of the cities of construction art of ancient Kazakhstan] (Izdatelstvo Akademii Nauk Kazahskoy SSR, Alma-Ata, 1960).
13. Bartold V.V. Turkistan v epohu mongolskogo nashestiya [Turkey in the era of the Mongol invasion] (Moscow 1963).
14. Arheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan] (Izdatelstvo Akademii Nauk Kazahskoy SSR. Alma-Ata, 1960).
15. Taleev D.A. Sutkent Ogiz Kalasi [Sutkent City of Oghuz], Turkistan aymagindagi arheologiyalik eskertkisherdin sabaktastygi [Continuity of archeological monuments of Turkestan region.] (Turkestan. 2017).
16. Maksimova A.G., Merschiev M.S., Vaynberg B.I., Levina L.I. Drevnosti Chardaryi [Antiquities of the Chardara] (Nauka Kazahskoy SSR. Alma-Ata, 1968).
17. Kozha M., Baysarieva G.O. Farab-Otrar iyeliginin Syrdaryanin sol jagalauindago eldi mekenderi [The settlements of Farab-Otrar on the left bank of the Syrdarya], Turkistan aymagindagi arheologiyalik eskertkisherdin sabaktastygi. Haliyaralik gilimi konferensy materiyaldari [Proceedings of the international scientific conference «The continuity of archaeological monuments of the Turkestan region»] (Turkestan, 2017).

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Сералы Нұрлан Орынбасарұлы** – ғылыми қызметкер, «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі» РМҚК, Шәуілдір, Қазақстан.

**Сиздинов Бағдаулет Сапарбаевич** – корреспондентия үшін автор, Ph.D., аға ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

**Сералиев Али Алимбекович** – аға ғылыми қызметкер, «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі» РМҚК, Шәуілдір, Қазақстан.

**Seraly Nurlan Orynbasarulu** – Research Employee, Otrar State Archaeological Reserve-Museum, Shaulder, Kazakhstan.

**Sizdikov Bagdaulet Saparbayevich** – corresponding author, Ph.D., Senior Research Employee, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

**Seraliyev Ali Alimbekovich** – Senior Research Employee, Otrar State Archaeological Reserve-Museum, Shaulder, Kazakhstan.

Е. Хайтоглу<sup>1</sup>  
А.Ж. Архыматаева<sup>2</sup>

Памуккале Университетіні, Түркия, Денизли  
(E-mail: ehayt@pau.edu.tr, aarkhymatayeva15@posta.pau.edu.tr)

## Қазақстанда кеңестік-сталиндік кезеңде жүргізілген саясатты тарихи тұрғыдан пайымдау

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасындағы елдің тарихи дамуының маңызды оқиғаларын қамтитын ғылыми аспектілердің бірі «Ұлы қуғын-сүргін жылдары» атанған XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес үкіметінің жүргізген сталиндік саясаты тарихы болып табылады. Мақалада, Сталин билік құрған жылдары Кеңестер билігінің Қазақстандағы бүкіл дәстүрлі құрылымды жою, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық формаларын әлсірету мақсатындағы шаралары, елді өнеркәсіптендіру саясаты атанған индустрияландыру, жаппай ұжымдастыру науқаны және колхоз-совхоздардың құрылуы, ауқатты шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу саясаты мен демографиялық шығын мәселелері түрлі зерттеулер мен тарихи деректер негізінде жазылған.

Кеңестік кезеңде экономиканың, саяси жүйенің, мәдениеттің түбегейлі әр түрлі идеологиясына негізделген қоғамның социалистік құрылымын құру, қазақ қоғамының менталитетіндегі, бұрын-соңды болмаған ауқымды және екіұшықтық салдарымен жүзеге асырылды. Осы ерекше тәжірибені зерделеуге еуразиялық мультимәдени кеңістіктің әлеуметтік трансформациясының жалпы тенденцияларын, модернизация мен дәстүрді түсіну қажеттілігі туындайды. Ғылыми білімнің қазіргі жағдайы қазақ тарихын жаңа концептуалды түсінуді және таңдалған кезеңнің көптеген оқиғаларын нақтылауды қажет етеді. Қазақстан Кеңестер бірлігі құрамында жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени қайта құрудың ең қиын жолынан өтті.

**Түйін сөздер:** Кеңес үкіметі; сталиндік саясат; социализм; индустрияландыру; жаппай ұжымдастыру науқаны; совхоздардың құрылуы; ауқатты шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу.

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-68-83>

**Кіріспе.** Қазан төңкерісінен кейін Кеңес үкіметінің негізгі аумақтары 1918 жылы большевиктер көшбасшысы Ленин Азат Ұлттар Одағы ретінде құрған Ресей Кеңестік Федералды Социалистік Республикасы құрамында Кеңестік республикалар мен Кеңестік автономиялардың құрылу процесі басталады. РКФСР құрылғаннан кейін, Сталин басқарған Халық істері жөніндегі комиссияның бақылауымен елдің Шығысында жаңа автономиялық республикалар құрыла басталды [1]. Ұлттық республикалардағы

лениндік кеңестік-большевиктік саясат орталықтың мүдделерін бірінші орынға қоюға, өмірдің барлық саласында ортақ бірлік міндеттерін қамтамасыз етуге, аймақтардың шикізаттық базасын сақтауға, ұлттық идеологияны жойып, кеңестік нормаларды енгізуге, кез келген қарсыластықты болдырмауға бағытталды. Қазақ жерін социалистік құрылысқа көшіруде ең бірінші қазақтардың жайылым-көшпелі шаруашылық кешені мен дәстүрлі құрылымды жою шаралары жүзеге асырылды. Қазақтардың

дәстүрлі шаруашылық құрылымдық жүйесін жою ісі Патшалық кезеңнен басталған болатын. Кеңестер билікке келген соң, Орыс патшалығының жоспарланған саясатын ары қарай “кеңестік форматта” жүзеге асыра бастады.

Ленин қайтыс болғаннан кейін Сталин елде социализм құру идеясын қорғап, үдемелі индустрияландыру, ұжымдастыру және жоспарланған экономика құрылысына бет бұрды. Сталин социалистік қайта құрудың іргелі міндеттері индустрияландыруды тарихи қысқа мерзімде жүзеге асыру керек деп санады. 1926-1927 ж.ж. Кеңестік жоғарғы басшылық Республикада жерді үздіксіз басқару мәселесінің шешілуін ерекше бақылауға алып, жүйелі және мақсатты түрде төменгі органдарға коммуналдық жерлерді кедейлер мен орта шаруалардың пайдасына беруді ұйғарған жарлықтар мен нұсқаулық хаттарды түсіріп отырды. Елді индустриалды дамыту мүддесінде егістіктер мен шабындық жерлерді теңестіру мүмкіндігінше тезірек шешілуі керек еді. Осы саясатты жүзеге асыру үшін ауылдағы ауқатты адамдардың мал-мүліктерін тәркілеп, ал өздерін болса сүргінге жіберді.

**Қазақстанда социалистік индустрияландыру үдерісінің басталуы.** Сталин билігі жылдары Кеңес үкіметінің қазақтардың дәстүрлі құрылымды жою шаралары индустрияландыру жылдарында түрлібағытта сипат алды, мәселен, қазақтың шұрайлы жерлеріне басқа халықтарды қоныстандыру, жергілікті халықты кеңестендіру, қазақтардың жекеменшік малдарын үкіметке еркін түрде тапсырту, ұжымдық және кеңестік шаруашылықтар құру, ауқатты шаруалардың малдарын зорлықпен тәркілеу, ауқатты адамдар мен қазақ зиялыларын жер аударту, оқыған қазақ зиялылары мен бас көтерер азаматтарды қырып-жою, «қызыл қырғын» мен «сталиндік зұлмат», салықтың әртүрлі түрін енгізу, индустрияландыру саясаты бойынша қазақ жерін Кеңес үкіметінің өндірістік-шикізаттық базасы ретінде дамыту және жаппай қазақ халқын орыстандыру саясаты негізінде мәдениет пен білімде орыс тілін насихаттау.

Социалистік индустрияландырудың жоғары қарқындарының мүмкіндігі экономиканың социалистік жүйесінің артықшылықтарымен, индустрияландырудың социалистік әдісінің сипаттамасымен анықталды. Сталин социалистік индустрияландырудың жоғары қарқынына деген тарихи қажеттілікті негіздей отырып ол: «Біз дамыған елдерден 50-100 жыл арттамыз. Біз бұл қашықтықты он жылда жүріп өтуіміз керек. Біз оны жасаймыз немесе олар бізді күйретеді» [2]. Өнеркәсіпке инвестициялар ағынының пропорционалды түрде ұлғаюы және тұтыну қорының қаражатын мәжбүрлі тарту капиталистік әлемді басып озуға мүмкіндік береді деп сенді. Бірақ Сталиндік индустрияландыру саясаты адамзат баласына ауыр қасіреттер әкелгенін де ұмытпауымыз керек.

1927 жылы желтоқсанда болған БО(б)КП-ның XV съез жұмысы Сталин мен Троцкийдің партиялық фракцияларының қатал саяси жанжалдарымен қатар жүрді. Бұл жағдайда, «таратылған шаруа қожалықтарының алдында» «ірі өндірістік рельске тұру» міндеті қойылды, онда билік әлеуметтендірілген ауылшаруашылық жұмыс күшінің өсіп-өнуін қолдады. Партиялық топтар арасындағы қиян-кескі күреске қарамастан, жергілікті атқарушылар үшін құрылтайдың бұл шешімі іс-қимылдың өзіндік бағдарламасына айналды. БО(б)КП ОК-нің Саяси Бюросының 1928 жылғы 9 қаңтардағы шешімімен ірі партия және мемлекеттік жұмысшылар, оның ішінде, Саяси Бюро мен Орталық Комитеттің көптеген мүшелері барлық астық аудандарына жіберілді. 1928 жылы 15 қаңтарда Сталин ауырған Г.Орджоникидзең орнына Сібірге кетті. 21 күнге созылған бұл сапар барысында 6 ақпанда Сталин Новосибирск, Барнаул, Рубцовск, Омск, Красноярск, Тайгу және Сібірдің қалалары мен тұрғылықты жерлерінде болды. Сібірге сапар барысында Сталин ұжымдастыруды күштеу арқылы жүргізу керектігі туралы мәлімдеме жасауына түрткі болды [3].

**Қазақстанда кеңестік ұжымдастыру саясатының жүргізілуі.** Үздіксіз ұжымдастырудың маңызды алғышарттары: елді социалистік индустрияландыру,

ауылшаруашылық кооперацияны дамыту, ауыл шаруашылығындағы алғашқы колхоздар мен ірі совхоздардың тәжірибесі, шаруаларға ірі социалистік экономиканың артықшылықтарын көрсету, машина-трактор станцияларын құру және кулактарға қарсы шешуші күрес болып табылады. Кеңестік жүйеде Социализмді құрудың қажетті шарты - ауыл шаруашылығын ұжымдастыру деп саналды. 1928 жылдың көктемінде ауылшаруашылық халық комиссариаты және РСФСР-дің ұжымдық шаруашылық орталығы 1928-1932 жылдарға арналған шаруа қожалықтарын колхоздарға тартудың бастапқы жоспарын жасады. Бүкіл Одақ бойынша колхоздарға жоспарлы 1,1 миллион шаруа қожалықтары тартылуы керек еді.

Лениннің ЖЭС бойынша Қазақ жерінде өндірістік кооперацияның негізгі үш түрі Коммуна - өндірісті қоғамдастыру, Артель – жердің, малдың бір бөлігі біріктірілген ортақ серіктестіктер және ТОЗ – жер бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік түрлері болған. 1 қазан 1927 жылғы мәліметке сай, Қазақ КСР – інде Кооперация шаруа қожалықтарының 23,1% - ін қамтыған. 60 көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында жер өңдеуші 2 771 серіктестік, 1074 тұтыну қоғамы жұмыс істеп, оның 312 – і ауылда және 140 сауда посттары-факторий құрылған. Жалпы 1072 ұжымдық шаруашылық, соның ішінде 101 коммуна, 17 артель, 294 ТОЗ–жұмыс жасаған [4].

**Ұжымдастыру науқаны бойынша ұжымдық шаруашылықтың құрылуы.** Ұжымдастыру науқаны бойынша ауылшаруашылық артельдер негізінде колхоздарды құру қолған алынды, яғни малдарын ортақ біріктірген бірнеше серіктестіктер негізінде колхоздар құрылды. 1929 жылы сәуірде өткен XVII партия конференциясында Бірінші бесжылдық жоспар бойынша 4-4,5 миллион колхоздарды құру керектігін анықталды. Мәселен, Қазақстанда 1927 ж. ортасы - 1928 ж. маусымы аралығында колхоздардың саны 324-тен 1881-ге дейін өсті [5]. Колхозға кірушілердің санының жоғары болуының себебі, бастапқы партиялық мекемелер мен республиканың

ауылдық кеңестерінің жұмысшылары, барлық шаруалардың атынан жоғары билік органдарына жергілікті тұрғындардың колхоздарға қосылуға деген «құштарлығы» туралы хаттарды толассыз жіберуіне туындауы мүмкін. Бұл 1928 жылдың маусымында Бүкілодақтық колхозшылардың бірінші съезінде шаруа жұмысшыларға риясыз көмек көрсету жоспары жасалған болатын. Бұл жоспар-нұсқаулықтар партия басшылығының қалауымен колхоздарға көптеген «еріктілерді» тарту керек еді. Осы жоспарды іске асыру үшін жоғарыдағыдай хаттар жазылған.

**Ұжымдастыру науқаны бойынша кеңестік шаруашылықтың құрылуы.** Колхоздар құрылу үрдісі басталып кеткеннен соң, шаруашылықты мемлекеттік тараптан басқару үшін 1917 жылғы 27 қазанда (9 қарашада) Жер туралы Декрет жарияланғаннан кейін жеке жер учаскелері негізінде құрыла бастаған совхоздарды 1927 жылы 16 наурызда ОАК мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Кеңестік шаруашылықтар туралы» Жарлығына сәйкес, Ауыл шаруашылығындағы социалистік құрылыс шаруа қожалығын қайта құру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға сай кеңестік шаруашылықтарды жандандыру мен ары қарай нақты құру талқылана бастады [6].

Совхоз – кеңестік шаруашылықтың қысқарған түрі, КСРО-дағы мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорны. 1919 жылы 14 ақпанда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті «Социалистік жерлерді басқару және социалистік ауылшаруашылығына көшу жөніндегі шаралар туралы ереженің» 30 бабы бойынша дамыған ұтымды шаруашылықтар негізінде күрделі техникалық құрал-жабдықтары бар, асыл тұқымды мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығын құру [7] міндеттемелеріне сай, Бірінші бесжылдықтың жоспары бойынша 1928 жылы «астық дайындаудағы қиындықтарға орай, Сталин «астық проблемасынан» шығудың бір әдісі ретінде совхоздарды қайтадан құру мәселесін көтерді. Осылайша, ұжымдастыру жылдары 1928 жылдың 11 шілдесінде БОКП(б) ОК-нің пленумы «Жаңа (астық)

совхоздарын ұйымдастыру туралы» қарарына сәйкес “Астық кеңестік шаруашылықтары” (Зерносовхоз) құрылады [8].

Бұл қаулының нәтижесі ОАК мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 1 тамыздағы «Ірі астық фермаларын ұйымдастыру туралы» қаулысына сай Гигант кеңес шаруашылықтары құрылған [9]. Сол Жарлықтың 4-тармағына сәйкес, Құрылған жаңа кеңестік шаруашылықтар одақтық маңызы бар «Зернотрест» тресіне қосылады және Еңбек және Қорғаныс Кеңесіне тікелей бағынатын болады. 1928 жылдың аяғында сол уақытта жоғары механикаландырылған 11 астық кеңшарлары құрылған, олардың 5-і Төменгі Еділде, 2-уі Қазақстанда және Орта Еділде, бір-бірден Солтүстік Кавказда және Жайықта құрылған.

1930-жылдардың басындағы барлық аграрлық қайта құру шаруаларды ұжымдастыруға ең маңызды дайындық қадамдары болды. Тек Қазақстанда бұл кезде 293 колхоз, 5 совхоз құрылды. Егістік және мал басының өсуі жеделдетілді, республикалармен облыстардың көпшілігінде ауылшаруашылық өндірісінің негізгі элементтерін қалпына келтіру аяқталды. 1932 жылдың ақпанында Қазақстандағы колхозшылардың 87%-ы және жеке иелігі бар шаруалардың 51,8%-ы өз малдарынан толықтай айырылды [10].

1927-1929 жылдардағы үлкен дайындық жұмыстарының арқасында ұлттық республикалар мен облыстарда, сондай-ақ, тұтастай алғанда республикада ұжымшар қозғалысының өсуі байқалды. 1927 жылдың маусымынан 1929 жылдың маусымына дейін Одақтағы колхоздардың саны 3,8 есеге, оларға біріктірілген шаруа қожалықтарының саны - 5,2 есеге, ал Қазақстан - 12,6 және 24,2 есеге өскен. Бұрын артта қалған республикаларда ұжымшар қозғалысының өсу қарқыны Одақтың орташа деңгейінен бірнеше есе жоғарлаған. БК(б)П ОК-нің 1931 жылғы желтоқсанда өткен Пленумының шешімдері асыра орындалды. Қазақстанда 1 қыркүйекке дейін-ақ 122 ауданның 96-сы 50%-дық партиялық межеден асып түсті, ал 72-сі «толық ұжымдастырылған аудан» қатарына жатқызылды [11].

БОКП (б) Орталық Комитетінің 1933 жылғы 20 желтоқсандағы Астық Кеңестік шаруашылықтарын ірілендіру туралы № 7 118/93 қосымшасының жиынтық кестесіне сай, 1934 жылдың көктемінде Қазақстанда 70 астық кеңшарларын ірілендіріп, 10 кеңшар құру жоспарланды. Астық кеңшарларының аумағы орасан зор болды, кеңшарлардың аумағы 200-250 мың гектарға дейін ұлғайтылды. 1929-1932 жылдары астық кеңшарларын ұйымдастыруға байланысты келеңсіздіктер, атап айтсақ, ауылшаруашылық дақылдарының орасан көп мөлшерінің себілуі және техниканың жетіспеушілігі сияқты т.б. әрекеттер астық жинау мен егуде үлкен шығындарға әкелді. Нәтижесінде, бұл топырақтың деградациясына, егістіктердің арамшөптілігіне және өнімділіктің төмендеуіне әкелді. Бұл мәселелерді 1931-1933 ж.ж. өлкеде жаппай ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі ретінде қарауға болады.

Бұдан көретініміз Кеңестік режимде Кеңестік шаруашылықтарды құру әу бастан Кеңестер билікке келгеннен бастап, жоғары деңгейдегі шаруашылықтар құрумен басталғанын көреміз. Дегенмен де, Кеңестер билігі орнағаннан кейін жекеменшік шаруашылықтарды мемлекет тарапына өткізу үшін бірнеше жылдар бойы ұжымдық шаруашылықтар құру негізінде жұмыстар атқарылды. Ол кезде егіс алқаптары да ондағы ауыл шаруашылық өнімдері отырықшылық шаруашылығымен айналысатын жеке адамдар қолында болса, мал шаруашылығы да көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын адамдар қолында болды. Қазақ жерін ғасырлар бойы мекен еткен қазақ жұрты бұл шаруашылықтарды жүргізудің нағыз шебері болған. Осындай тарихи қалыптасқан шаруашылықтарды кеңестендіру ісінде кеңестік жүйе бірте-бірте әртүрлі саясаттар жүргізу арқылы іске асырды. Жергілікті халықты тәркілеу негізінде- мүліктерін тартып алып, колхозға беру, ауқатты адамдарды жер аударту немесе соттау арқылы қарапайым шаруалар алдында беделдерін түсіру жүзеге асты. Осыдан кейін қарапайым шаруалар қолдарындағы аздаған малдарын өз

еріктерімен ерксіз колхозға өткізген. Кейіннен колхоз ережесіне сай өткізген малдарын қайта алу құқығына байланысты көбі колхоздан кері шыққан. Бұл жағдайда Кеңестер орта шаруа және кедейлерге қарсы да тәркілеуді жүргізе бастаған. Осындай келеңсіздіктерге сәйкес, қазақ жерінде кеңестік тәртіпке қарсы шыққандары әртүрлі санатпен жазалау шаралары жүзеге асты. Кейіннен кеңшарларды жандандыру барысында ұжымдық шаруашылықтар ірілендіріліп кеңшарларға біріге бастады. Осылайша қазақ жерінде шикізаттық мақсатта белгілі бір шаруашылықтың, мәселен, биязы қой шаруашылығымен айналысатын кеңшарлар, жылқы шаруашылығы кеңшарлары, астық өндіру кеңшарлары т.б. дамыған түріндегі кеңшарлар пайда бола бастады.

Марксистік-лениндікұсыныс«пролетарлық мәжбүрлеудің барлық формалары, еңбекке шақыруға дейін коммунистік адамзаттың даму жолы» деген саясаттың негізін ұсынды. Осылайша, жергілікті халықтың ұлттық өмір сүру деңгейін өзгертіп, ұлттық саясат тудырушыларға зорлық-зомбылық көрсетті. Осы кезеңде Кеңестер Бірлігінде «атудан бастап еңбекке шақыруға дейінгі барлық формалардағы пролетарлық мәжбүрлеу - коммунистік адамгершілікті дамыту әдісі» деген Марксистік-лениндік тұжырым негізінде, шын мәнінде жүргізілген саясаттың теориялық негізі болып табылады. Кеңестік жүйедегі жүргізіліп жатқан қайта құрулар мен озбырлықтарға кеңестік шаруалар мемлекеттік тәртіп нормасы ретінде қараған. Сол себепті тоталитарлық билік Кеңестік саясатты түптеп орнату үшін, саяси-экономикалық салада мемлекеттік саясатты жүргізуде зорлық-зомбылық әдістеріне жүгінген. Революциялық радикализм және марксистік-лениндік идеология ауылшаруашылықты ұжымдастырудың кеңестік саяси-құқықтық негізіне енген идеялар мен құндылықтардың ерекше жүйесін құрды. Ұжымдастыру саясатының бұл негіздері большевиктердің Бүкілодақтық коммунистік партиясы съездерінің шешімдері мен қаулыларында, көптеген бағдарламалық хаттарда, партиялық-кеңестік аппараттың

